

• МАРАПАТ

Еленген еңбектің еншісі

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» қорытындысы аясында Мемлекет басшысының Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және өнеркәсіптік дамуына елеулі үлес қосқан түрлі сала өкілдері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Бұл мәртебелі марапат иелерінің қатарында Қарағанды облысының да еңбек адамдары бар.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған орай облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы атынан өңірдің екі кеншісіне «Құрмет» орденін табыстады. Аймақ басшысы марапат иелеріне жанқиярлық еңбегі мен өз ісіне деген адалдығы үшін алғыс білдіріп, жұмысшы мамандық иелерінің ел дамуындағы рөлі әрдайым жоғары бағаланатынын атап өтті.

– 2025 жыл Мемлекет басшысының шешімімен «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Осы кезеңде көптеген еңбек адамдары мемлекеттік наградаларға ие болды. Өткен аптада Астанада жыл қорытындыланып, тағы бірқатар қазақстандықтарды марапаттау туралы шешім қабылданды. Солардың қатарында сіздердің де еңбектеріңіз лайықты бағаланды, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Марапатталғандардың бірі – Владимир Салдайкин. Ол көмір өнеркәсібінде 35 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Бүгінде

«Altyn Komir Service» кәсіпорнында жерасты тау-кен жұмысшысы. «Кенші даңқы» белгісінің екі мәрте иегері ретінде өзінің мол тәжірибесін жас әріптестерімен бөлісіп, ұжымда кәсібилігі мен жауапкершілігі үшін зор құрметке ие.

– Бұл – менің алғашқы мемлекеттік наградам. Өте қуаныштымын. Шахтамыз алдағы уақытта да дами берсін деп тілеймін. Баршаңызды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын, денсаулық пен амандық тілеймін, – деді ол.

Тағы бір марапат иесі – Қайратбек Тойшыбеков, «Qarmet» АҚ Көмір департаментіне қарасты Т. Күзембаев атындағы шахтаның Ұн-гүші жұмыскері. Оның жалпы еңбек өтілі 45 жыл, соның 42 жылын бір ұжымда өткізген. «Кенші даңқы» орденінің толық кавалері жас мамандарға тәлімгер болып, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп келеді. Мемлекеттік марапат оған да алғаш рет табысталып отыр. Ол көп жылғы еңбегінің еленгеніне ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ, қарағандылық тағы бір еңбек адамы – Светлана Кулькова жоғары мемлекеттік марапатты Астанада тікелей Мемлекет басшысының қолынан алды. Ол Қарағанды қаласындағы №3 автопаркте 37 жыл бойы автоэлектрик болып еңбек етіп келеді. Кәсіптік училищені «КИПиА слесарі» мамандығы бойынша тәмамдаған соң, еңбек жолын осы мекемеде бастаған. Светлана – жөндеу қызметіндегі жалғыз әйел маман. Оның кәсіби шеберлігі автобустардың салқындату және жылыту жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жалпы, биыл 102 адам мемлекеттік наградалармен марапатталды, олардың 91-і – Қарағанды облысының жұмысшы мамандық өкілдері. Бұл қатарда кеншілер, металлургтер, құрылысшылар, машина жасаушылар, энергетиктер және ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері бар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Ел тыныштығының тірегі

Қазыбек би ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде запастағы әскери қызметшілерге кезекті әскери шендер табысталды. Аталған рәсім биыл тамыз айында әскери далалық оқу-жаттығу нәтижелеріне орай ұйымдастырылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-жаттығу жиыны Қорғаныс министрлігінің Қарағанды маңындағы «Спасск» полигонында ұйымдастырылған болатын. Оған Астана қаласы мен Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарынан шақырылған шамамен 1300 әскери міндетті азамат қатысты. Әскери жиын бір айға созылды.

Запастағы офицерлер мен сержанттарды Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің әскери кафедрасы бастығының орынба-



сары, запастағы полковник Ержан Шадыров құттықтап, әскери шендерін табыс етті.

Кезекті әскери шен алғандардың бірі – «Qarmet» АҚ-да еңбек ететін 27 жастағы Қуандық Қуанышбекұлы. «Бұрын мұндай оқу-жаттығуларға аса мән бермейтінмін. Ал, өз көзіммен көріп, қатысқан соң, оның қажеттілігі мен маңызын түсіндім.

Бұл кәсіби тұрғыдан да, азаматтық жауапкершілік тұрғысынан да пайдалы тәжірибе болды», – дейді ол. Ол оқу-жаттығу барысында әуе шабуылына қарсы қорғаныс бағыты бойынша қайта даярлықтан өтіп, запастағы аға лейтенант шеніне ие болды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жарқыра, шырша шамдары!

Жаңа жыл – әр баланың асыға күтетін, ғажайыпқа толы мерекенің бірі. Аяз атаға хат жазып, мерекені ерекше көңіл күймен қарсы алады. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы «Жомарт Жан» орталығы балалардың арманын ақиқатқа айналдырды. «Шаңырақ астындағы жаңа жыл!» қайырымдылық жаңа жылдық шырша тойын өткізіп, балдырғандарға сый-сияпат тарту етті. Оған 200 бала қатысып, жаңа жылдық шыршаның шамын жақты. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қатысып, мерекемен құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен балаларға қазақ тіліне дұ-биялдалған «Муз дәуірі-3» анимациялық

фильмі көрсетілді. Одан кейін балалар жасыл шырша жанына жиналып, шамдарын жақты.

– Бұл іс-шаралардың барлығы демеушілеріміздің қолдауымен жүзеге асып отыр. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына – 30 жыл. Жыл басынан бері өңірде мерейтой аясында 1500-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде, республикалық деңгейде өткен мазмұнды басқосулар да бар. Солардың қатарына Ақсақалдар мен Аналар кеңесінің атқарған жұмысын ерекше атап өткен жөн. Олардың бастамасымен ел көлеміндегі бірқатар өзекті мәселелер оң шешімін тапты. Барша өңір тұрғындарын алдағы мерекемен шын жүректен құттықтаймын, – деді Нұрлан Рахметоллаұлы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қарағанды облысы бойынша Аналар кеңесінің төрағасы Айжан Қиясова да



жылы лебізін білдірді.

– Жаңа жыл мерекесіне орай әр өңірден кел-

ген балалар бүгін бізбен бірге мейрамды тойлауда. Бұл – біз үшін үлкен мәр-

тебе. Сонымен қатар, атап өтетін жайт «Жомарт Жан» қайырымдылық қорының

• СЕНАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Отандық фармацевтиканың орасан игілігі

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды қаласына жұмыс сапарымен келді. Бұл сапар Парламент Сенатының жылдық қорытындысын жасап, елдегі фармацевтика саласын дамытуға арналған нақты шараларды белгілегеннен кейін жүзеге асып отыр. Серік Балғатайұлы сапар барысында «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ және «Қарағанды фармацевтикалық зауыты» ЖШС-ны аралап, өндіріс пен ғылыми зерттеулердің қазіргі ахуалымен танысты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғылым мен өндіріс біріккенде

Сапардың негізгі мақсаты – отандық фармацевтика саласының дамуына жаңа серпін беру. «Фитохимия» ҒӨО» АҚ-да депутат 12 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-өндірістік бөлімшелердің жұмысын қарап, дәрілік шикізатты көмірқышқыл және сұйықтық экстракциялау, субстанцияларды бөлу, тазалау, таблеткаларды қабықпен қаптау, өндіріс сапасын бақылау, фармакологиялық зертханалар сияқты бағыттардағы жұмыстармен танысты.

Орталықта 72 бірегей фитопрепарат шығарылған, оның ішінде, ісікке қарсы «Арглабин», паразитке қарсы «Саусалин», атеросклерозға қарсы «Атеролид», гепатопротекторлық «Салсоколлин», анаболикалық, адаптогендік және сергітетін «Экдифит» пен фитошәрбат «Экди-сон» сияқты дәрілік құралдар бар.

Серік Балғатайұлы «Қарағанды фармацевтикалық зауытының» жаңа өндіріс жобасымен танысып, 2000 м² алаңда дәрілік шикізатты экстракциялау және сублимациялық кептіру цехын салу жоспарын қарады. Жаңа цех пайдалануға берілгеннен кейін жылына 75 000-нан астам бірегей лиофилизацияланған, қатты және сұйық дәрілік қаптамалар шығарылады. Жобаның жалпы құны 10 млн АҚШ долларын құрайды.

Сонымен қатар, Қарағандыдағы ботаникалық бақты қайтару мәселесі де назардан тыс қалмады.

– Парламент 4 сессия 8 шақырылым жұмысын аяқтады. Біз елге іссапарға келдік. Облыста қандай мәселе бар екенін зерттеудеміз. Бірінші кездесуді «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығынан бастадық. Бұл – іргелі мекеме.

Сапар аясында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оны «Фитохимия» ҒӨО» АҚ директоры, химия ғылымдарының докторы, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серғазы Әдеkenов жүргізді. Кездесу барысында отандық фармацевтика саласының өзекті мәселелері

жан-жақты талқыланды.

Академик Серғазы Мыңжасарұлы шетелдік нарыққа шығу үшін туындап отырған қиындықтарды атап өтті. Оның пікірінше, отандық бірегей дәрілік препараттардың бәсекеге қабілетті болуы үшін GMP (Good Manufacturing Practice) стандарттарын қатаң сақтау қажет. GMP халықаралық стандарты өндіріс процесінің барлық қадамдарын, цехтағы температурадан бастап қызметкерлердің киіміне дейін, қадағалайды. GMP сертификаты бар компаниялардың өнімін тұтынушылар өз денсаулығы үшін алаңдамай, сеніммен пайдалана алады.

Кездесуде дәрілік құралдарды цифрлық таңбалау мен штрих-кодтау мәселесі де көтерілді. Бұл рәсім шетелдік препараттарды бақылауға тиімді болғанымен, отандық бірегей дәрілік құралдарға қосымша шығын әкеледі, себебі, таңбалау мен штрих-кодтау үдерісі қымбатқа түседі. Сонымен қатар, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер жүргізу шығындары да үлкен мәселеге айналған. Бір препараттың төрт кезеңдік клиникалық зерттеулеріне орта есеппен 200 млн теңгеге дейін қаражат жұмсалады. Бұл өнімді өндіруге кететін шығындарды есептемегендегі сома. Осы мәселелерді шешу үшін дженериктік препараттарды тіркеу тәрізді бірегей отандық дәрілік субстанцияларды тіркеуден уақытша бас тарту ұсынылды.

Академик Серғазы Әдеkenов пен жас ғалымдар ғылыми кадрларды даярлау мен ынталандырудың маңыздылығын да атап өтті. Жас мамандардың жалақысын көтеру, ипотекалық бағдарламаларға қатысу мүмкіндігін ашуды сұрады. Өз кезегінде Серік Балғатайұлы бұл ұсыныстарды қолдап:

– Ғылыми әлеует – еліміздің фармацевтика саласының болашағы. Егер жас мамандардың материалдық жағдайы мен кәсіби дамуы қамтамасыз етілмесе, олардың потенциалы толық пайдаланылмай қалады, – деп атап өтті.

Отандық фармацевтика үшін жоғары білікті кадрларды даярлау мәселесі университеттер мен ҒЗИ бірлескен жұмысы арқылы шешілуі

тиіс, сонымен қатар мемлекеттік гранттар арқылы оқыған түлектерді міндетті түрде отандық кәсіпорындарға 3-5 жылдық жұмысқа тарту қажеттілігі айтылды.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың теңсіздігі де өзекті проблема ретінде қозғалды. Қазіргі кезде қаржының 90%-ы Алматы мен Астана қалаларының ҒЗИ мен ЖОО-ларына бөлінеді, ал өңірлерде ғылымды дамыту қаржы тапшылығына ұшырайды. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығын (ҮМҒТ-СО) Алматыдан Астанаға көшіру және «Ғылым қоры» АҚ мен «QazInnovations» АҚ қызметін қайта қарау қажет екені айтылды.

Инновациялық жобалардың игілігі

Сапар қорытындысы бойынша Серік Өтешов пен академик Серғазы Әдеkenов фармацевтика саласының дамуы үшін нақты іс-қимыл жоспарын қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Жобалар жаңа өндіріс цехтары арқылы бірегей дәрілік препараттардың көлемін арттыруға, ғылым мен өндірісті біріктіруге, жас ғалымдар мен мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Отандық фармацевтикаға инвестиция салу, GMP стандарттарына сәйкес өндіріс жүргізу, отандық ғылым мен өндірісті қолдау, жас мамандарға жағдай жасау – бұл тек өндірістің дамуына ғана емес, ел тұрғындарының денсаулығын қорғауға да үлкен үлес қосады. Бірегей фармацевтикалық субстанциялар негізіндегі отандық дәрілік құралдар өндірісін дамыту арқылы Қазақстан шетелдік нарыққа шығуға, өз өнімін әлемдік сапа стандарттарына сай шығаруға мүмкіндік алады.

– Біз отандық фармацевтикаға барлық қолдау шараларын жасауға дайынбыз. Бұл – экономикалық маңызды қадам ғана емес, елдің денсаулығы мен болашағын қамтамасыз етудің кепілі, – деді Серік Өтешов сапар қорытындысында.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

төрағасы жаңа жыл қарсаңында онкологиялық аурумен күресіп жүрген балаларға бір миллион теңге көлемінде көмек көрсетуде. Бұдан бөлек, біз Жаңа жыл мерекесі алдында Ассамблея мүшелерімен бірлесіп, 20-дан астам балаға арнайы барып қайтуды жоспарлап отырмыз.

Шахтинск қаласының тұрғыны Орынбасар Сағымбаев жаңа жылдық мерекелік шараға 1-сынып оқитын ұлы Омар Тұрсынбайды ертіп келді. Өзі – ұш қыз, бір ұлдың әкесі. Мұндай мерекелік шыршаға бірінші мәрте келіп тұрғанын айтып, әсерімен бөлісті.

– Бізді арнайы шақырғандарын естігенде, қатты қуанып қалдық. Бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған, әсерлі мерекені ұйымдастырған жандарға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Орынбасар Тұрсынбайұлы.

Суретті түсірген автор

Тағзым мен тағылым

От шарпыған екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске биыл сексен жыл толды. Тарих қойнауындағы қанмен жазылған қасіретке әрдайым тағзым жасау – ұрпақ мойнындағы борыш. Қарағанды өңірі Жеңістің 80 жылдығын салмақты мазмұнмен, терең тағзым және асқақ рухпен атап өтті.



Сурет ЖИ

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандының соғыс жылдардағы еңбегі – ел тарихындағы ерен үлгілердің бірі ретінде қатталды. Қорғаныс қорына жиналған 52 миллион сом қаражат, соның арқасында майданға «Шахтеры Қарағанды», «Комсомолец Қарағанды», «Железнодорожник Қарағанды» атты танк колонналары жөнелтіліп, теңіз толқынында «Комсомолец Казахстана» сүңгуір қайығы жаумен шайқасты. Ал «Женщины Қарағанды» әуе зеносы мен даңқты ұшқыш Нұркен Әбдіровтің есімі берілген әуе кемесі көк аспанда ерліктің бедерлі нышанына айналды.

Сол себепті, Жеңіс күні тек әскери жеңістің белгісі ретінде ғана емес, халықтың ортақ ерлігі ретінде бағалы. Сол бір сұрапыл жылдары майдан шебінде қару ұстаған жауынгермен қатар, тылда

тынымсыз еңбек еткен бала да, ана да, ақсақал да Жеңісті жақындатуға бар күш-жігерін жұмсады. Сондықтан да зұлмат жылдар зобалаңының күнгізбе жылжыған сайын қадір-қасиеті де салмақтана береді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жеңістің 80 жылдығы сан-салтанатымен атап өтілді. Үкімет биылғы жылдың басында Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, еске алу және тағылымдық шаралардың негізгі бағыттарын айқындап, тарихи жадыны сақтау мен жас ұрпаққа отансүйгіштік рух дарытуды басты мақсат етті.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарағанды облысынан майданға 45 мыңға жуық сарбаз аттанған. Солардың алты мыңнан астамы жауынгерлік ерлігі мен батырлығы үшін жауынгерлік орден-



дермен және медальдармен марапатталса, 18 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл деректер Қарағанды өңірінің Жеңіске қосқан үлесінің зор екенін көрсетеді.

Бүгінде аймақ бойынша тоғыз соғыс ардагері бар. Олардың әрқайсысы – тарихтың тірі куәсі, ерлік пен елдік рухтың символы. Жеңістің 80 жылдығы аясында Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге 5 миллион теңге көлемінде бір реттік материалдық көмек көрсетілді.

Сонымен қоса, Қарағанды облысында соғыс ардагерлеріне теңестірілген 2340 азамат бар. Мереке қарсаңында өңірлерде оларға бюджеттен тыс қаржы көздерінен материалдық көмек көрсетілді, түрлі қайырымдылық акциялар ұйымдастырылды.

Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің ерлігіне арналған еске алу іс-шаралары ұйымдастырылып, батыр есімі берілген білім беру мекемелерінде тағылымды кездесулер өтті. Сондай-ақ, соғыстың сұрапылын хатқа түсірген ақын Қасым Аманжоловтың шығармашылығына арналған әдеби кештер жас ұрпаққа рух сыйлады.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар канаты бастамасымен «Qaisar» әскери-патриоттық ойындары ұйымдастырылды. Тағылымды іс-шара «Спасек» оқу-жаттығу полигонында өтті.

Қатысушылар әскери-тактикалық жаттығулардан өтіп, саптық дайындық, алғашқы медициналық көмек көрсету және командалық өзара іс-қимыл бойынша өз білімдері мен шеберліктерін сыңға салды.

«Qaisar» әскери-патриоттық ойындары жас ұрпақтың ел қорғаны болуға деген жауапкершілігін арттырып, Жеңіс рухын бүгінгі күннің биігінен сезінуге мүмкіндік берді. Мұндай бастамалар тарихи жадыны сақтауға, ерлік пен елдік ұғымдарын жастар санасына терең сіңіруге бағытталған маңызды қадам.

Қысқасы, Жеңістің 80 жылдығы – тек өткенді еске алу күні ғана емес, халқымыздың бірлігі мен ерлігін дәріптейтін тағылым. Қарағанды жұртының майданда көрсеткен батылдығы мен тылдағы табандылығы – ел рухының тірегі. Бұл ерлік әрқашан ұрпақ санасында сақталып, Жеңіс рухын жаңғыртып, Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық парызың үлгісін көрсете береді. Сол арқылы біз өткенге тағзым етіп, болашаққа аманат қалдырамыз.

• ЖЫЛ БЕРЕКЕСІ

Ынтымақты ұлықтаған мерейлі белес

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында Қарағанды облысында қоғамдық келісімді нығайтуға, этносаралық татулық пен өзара түсіністікті тереңдетуге бағытталған ауқымды әрі жүйелі жұмыстар атқарылды. Өңірдегі мерейтойлық іс-шаралар бір реттік акциялармен шектелмей, қоғамның барлық саласын қамтыған мазмұнды бастамаларға ұласты.



Жыл бойы облыс аумағында 1500-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 80 мыңнан астам адам тартылды. Бұл көрсеткіштердің өзі Қарағанды өңірінің қоғамдық келісім саясатын іске асырудағы белсенділігін айқын аңғартады. Ассамблея жұмысына қосқан үлесі үшін облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 мүшесі мемлекеттік және қоғамдық наградалармен марапатталды.

Қарағанды облысының қоғамдық келісім саласындағы тәжірибесі республикалық деңгейде де жоғары бағаланды. Аймақта «Ақсақалдар кеңесі» мен «Аналар кеңесінің» республикалық отырыстары өтті. Бұл – өңірдің этносаралық саясатты іске асырудағы салмақты орнын көрсететін маңызды оқиға.

Ассамблея мүшелерінің бастамасымен Қарағанды қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мурал салынды. Ол халық бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығы мен ортақ құндылықтардың көркем бейнесіне айналып, қала тұрғындары мен қонақтарының назарын аударуда.

Қоғамдық келісім тек диалогпен ғана емес, нақты іспен де бекемделетіні белгілі. Осы бағытта «Жомарт Жан» орталығы белсенді жұмыс атқарды. Орталықтың ұйымдастыруымен 113 қайырымдылық іс-шарасы өтті. Оның ішінде 200 балаға арналған дәстүрлі жаңа жылдық шырыша мерекесі де бар. Бұл шаралар қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілік пен жанашырлық мәдениетін

арттыруға ықпал етті.

Жастар саясатын дамыту да назардан тыс қалмады. Өңірде екі студенттік ассамблея құрылып, Қарағанды облысының төрт жетекші жоғары оқу орнында Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедралары жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, Жас ғалымдар клубы құрылып, ғылыми еңбектер жинақтары жарық көрді. Бұл бастамалар Ассамблея құндылықтарын ғылыми-танымдық деңгейде зерделеуге жол ашты.

Қоғамдық татулықты нығайту еңбек ұжымдарында да жалғасын тапты. Облыстың екі ірі өнеркәсіптік кәсіпорнында еңбек ассамблеялары құрылып, жұмысшылар арасындағы диалог мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ал, қазақ тілін үйренуге ниетті жандар үшін ұйымдастырылған «Мәміле» сөйлесу клубында 200-ден астам адам білім алды.

Қақтығыстардың алдын алу – қоғамдық келісімнің маңызды тетігі. Осы мақсатта 25 медиатор Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтында арнайы оқудан өтті. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жаңғырту мен тиімділігін арттыруға бағытталған «Smart Assembly» цифрлық жобасы іске қосылды. Бұл жоба қоғамдық келісім саласына заманауи технологияларды енгізуге жол ашты.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЫЛ ҰСТАНЫМЫ

Қарапайым еңбектің күдіреті

Қарағанды – ел өндірісінің жүрегі. Өндіріс бар жерде, еңбек адамы бар. Бұл – көмір шахтасы тоқтамаған, домна пеші сөнбеген, станок үні басылмаған өлке. Жұмысшы мамандықтарында 300 мыңнан астам адам еңбек етіп отырған өндірісті аймақ. Облыстағы еңбек нарығының жартысынан көбі – дәнекерлеуші, кенші, энергетик, құрылысшы, механизатор, электрик, технолог сынды нақты іске сүйенген кәсіп иелері.

Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы кеншілер өлкесі үшін тиімді саяси бастама әрі тарихи заңдылық болды. Бұл жыл – еңбек адамына деген көзқарасты өзгерткен, кәсіби білім беру жүйесін қайта ой елегінен өткізген, өндіріс пен білімді бір арнаға тоғыстырған кезең ретінде тарих бетіне қатталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жұмыстың жаманы жоқ. Кез келген еңбек – қадірлі. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Біз еңбекқорлық пен кәсібиілікті қоғамның басты құндылығына айналдыруымыз қажет», – деп атап өткен еді ел Президенті.

Жыл қорытындысы көрсеткендей, бұл ұстаным облыс аумағында нақты мазмұнмен толықты.

Қарағанды облысы – республиканың индустриялық қаңқасын ұстап тұрған кара бағанындай. Мұнда тау-кен металлургия кешені, энергетика, машина жасау, құрылыс индустриясы, химия және өңдеу өнеркәсібі шоғырланған. Бұл – салалардың барлығы жоғары білікті жұмысшы кадрға тәуелді.

Ал, дерекке сүйенсек, қазіргі таңда облыста 52 колледж 128 мамандық бойынша кадр даярлайды. Бұрын шашыранқы болған жүйе сегіз жетекші бағыт бойынша кластерленген. Әр кластерге тірек колледждер бекітіліп, олардың негізін-

де құзыреттілік орталықтары мен заманауи шеберханалар да ашылды.

Маңызды бетбұрыс – дуальды оқыту жүйесінің кеңеюі. Қазір 41 колледжде 8 891 студент оқуын тікелей өндірістегі практикамен ұштастырып жүр. Ал, нысаналы даярлау 18 колледжде енгізіліп, шамамен 1,5 мың студент нақты кәсіпорындардың тапсырысы бойынша білім алуа.

Qarmet, Kazakhmys, QazTechna, KamaTyresKZ, Silk Road Electronics сияқты 300-ге жуық ірі кәсіпорынымен серіктестік орнатылған.

Жұмысшы мамандықтары жылы кәсіби білім беру жүйесіне тиң серпін әкелгенін атап айту керек. Облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев бұл өзгерістерді нақты деректермен сипаттайды.

– Биылғы оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына 9 300 студент қабылданды. Оның 7 300-і жергілікті бюджет, 2 000-ы республикалық бюджет есебінен оқуда. Қабылдау кезінде өңірдің нақты кадрлық сұранысы ескерілді, – дейді басқарма басшысы.



Нәтижесінде техникалық бағытпен бойынша қабылдау орта есеппен 60 пайызға артқан. Автокөлік жасау – 67%, шифрлық техника – 59%, жол құрылысы – 51%, тағам өндірісі – 37%, электр жабдықтары – 28% өсім көрсетіп отыр.

Колледждерде 14 заманауи құзырет орталығы, «Ақылды өндіретханасы», студенттік бистро, өндірістік шеберханалар ашылып үлгерді. Бес колледж халықаралық аккредиттеуден өтіп, білім сапасының әлемдік стандарттарға сай екенін

дәлелдегені қуанарлық жайт.

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 9 028 түлек диплом алған. Олардың 74 пайызы жұмысқа орналасса, көпшілігі – өз мамандығы бойынша.

Сонымен қатар, WorldSkills

Kazakhstan чемпионатында Қарағанды құрамасының ІІІ орын алуы, 5 алтын, 7 күміс медаль жеңіп алуы – жұмысшы мамандықтарының беделі артқанын айқын көрсетті. Ал, Abilympics Karaganda чемпионаты мүмкіндігі шектеулі жандардың да еңбек нарығында өз орнын табуына жол ашты.

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» Қарағанды облысы үшін қорытынды кезең емес, жаңа белестің бастауы болды. Бұл жыл еңбек адамына деген қоғамдық көзқарасты өзгертіп, орта арнаулы білім беретін колледждердің беделін арттырды. Өндіріс пен білім арасындағы алшақтықты қысқартты.

Өз кезегінде, қоғамда жұмысшы мамандықтарында еңбек етіп жатқан азаматтардың адал етібін елге үлгі етіп, олардың қайсар болмысын насихаттау бағытында да елеулі жұмыс атқарылғаны да атап айту қажет. Мұнда қарапайым жұмысшылардың өз ісіне мығымдығы, кәсіби шеберлігі және сол еңбектің қоғамды ілгерілетудегі орны басты бағдар болды.

Бүгінде жұмысшы мамандықтарында 300 мыңнан астам адам еңбек етіп отырған кеншілер аймағы нақты іспен елге үлгі көрсетіп отыр. Бұл – Президент ұсынған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатының өміршеңдігін дәлелдейтін өңірлік модель.


Қарапайым еңбекке құрмет артқанда экономика нығаяды. Кәсіпке адалдық қоғамды тұрақтандырады. Ал, Қарағанды сол құндылықтарды күнделікті еңбекте дәлелдеп келеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЫЛ СЕРПІНІ

Берекелі белес бедері

Сонымен, 2025 жылы аймақ экономикасы бірқалыпты үрдісте болғанымен, жекелеген салалар бойынша әркелкі өсімге жеткен. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сүйенсек, бірінші жартыжылдықта облыстың жалпы өңірлік өнімі 3,66 трлн теңгені құрап, былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты өсім 5,9 пайызға артқан. Тарқатып өтелік.



Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖӨӨ құрылымында тауар өндіру үлесі 48,8 пайызды, қызмет көрсету секторы 47,9 пайызды құраған. Дәйекті дерек Қарағанды өңірінің айқын өнеркәсіптік сипатын тағы бір мәрте айғақтайды. Қаңтар-қараша айларындағы көшелі көрсеткіштер экономиканың негізгі салаларында оң серпін бар екенін білдіргенімен, инвестиция көлемі, құрылыс пен ауыл шаруашылығындағы орнықты өсім секілді жағымды жайттар да назардан тыс қалған жоқ. Өрісінен әсте жаңылмаған өнеркәсіп – өсімнің басты локомотиві деп бағамдарлық хәлде. Иә, орталық облыстың экономикасында өнеркәсіп саласы бұрынғысынша жетекші рөл атқарып отыр. Көмір өндіру, металлургия және өңдеу салаларына зейін салсақ, ірі кәсіпорындар шоғырланған аймақта 2025 жылдың қаңтар-қараша айларында өнеркәсіп өнімінің көлемі 4,49 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 6 пайызға артты.

Салалық бөліністе мынадай өсім байқалды: тау-кен өндіру өнеркәсібі – 7,3%, өңдеу өнеркәсібі – 5,7%, электр энергиясы, газ және бу өндіру – 4,3%, сумен жабдықтау, көріз және қалдықтарды жою – 8,5%. Атаулы айғақтар және өндіріс легінің іске қосылуы мен қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту нәтижесінде қалыптасқан. Соның арқасында жаңадан жұмыс орындары ашылып, экс-



Информация жасаған А.Бектасов

порттық әлеует те айтарлықтай артты.

Ауыл шаруашылығы. Санқырлы сала өсімнен кенде емес. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 493,3 млрд теңгені құраған. Әлбетте, климаттық жағдайлардың қолайсыздығы, жемшөп бағасының құбылуы және жаңғыртуға бағытталған инвестициялардың жеткіліксіздігі едәуір әсер еткені аян. Соған қарамастан, Арқа атырабы әлі де астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде алдыңғы шептегі өңір тұғырында қала береді. Алдағы уақытта да осы салаға мемлекеттік қолдауды күшейтіп, заманауи технология-

ларды енгізу қажеттігі сезілетіндей.

Құрылыс. 2025 жылдың қаңтар-қарашасында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 590,5 млрд теңге шамасында. Тұрғын үй құрылысы қарқын алды. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 14,6 пайызға өсіп, 507 мың шаршы метрге жетіп жығылды. Оның ішінде көпқабатты үйлер – 427,6 мың шаршы метр (17%), жеке тұрғын үйлер – 79,4 мың шаршы метр (17%). Қолжетімді баспана бағдарламаларының тұрғын үй нарығын жандандыра бастағаны көңіл қуантады.

Сауда саласында тұтынушылық сұраныстың біртін-

деп өсуі байқалды. Бөлшек сауда көлемі 1,3 пайызға өскен. Көтерме сауда 1,8 пайызға артқан. Көлік қызметтері де экономикалық өсімге өз үлесін қосты. Жүк айналымы 6,1 пайызға, жолаушылар айналымы 11,2 пайызға артты. Бұл логистикалық инфрақұрылымның дамуы мен транзиттік ағындардың көбеюімен байланысты. Еңбек нарығында жағдай тұрақты. Биылғы жылдың III тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрап, 21,6 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелді. Орташа айлық атаулы жалақы 9,4 пайызға өскенімен, нақты жалақы индексі 92,5 пайызды көрсетті. Инфляцияның табысқа әсер етіп отырғаны жасырын емес, әрине. Бұқара халықтың жан басына шаққандағы табысы атаулы түрде 10,8 пайызға өскен.

Жалпы алғанда, 2025 жыл Қарағанды облысы үшін өнеркәсіптегі орнын нығайтқан кезең болды. Жарты жылдық ЖӨӨ өсімі 5,9 пайызды құрап, бірқатар көрсеткіштер бойынша республикалық орташа деңгейден жоғары нәтиже көрсетті. Өнеркәсіп, көлік және тұрғын үй құрылысы салаларындағы оң серпін ауыл шаруашылығы мен құрылыс секторындағы өсімді, сондай-ақ, инвестиция көлемі әр саланы өзінше бір арнаға теңестіргені атаулы жайт. Алдағы жылдары өңірдің тұрақты дамуы үшін экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту және инфляциялық қысымды төмендету басты міндет болып қала бермек.

Жылды түйіндегенмізде, Арқа алабының екпінді экономикалық албырында аршын аңдалары айдай айқын ақиқат. Салиқалы сандардың шеруінде зауыт түтінімен астасқан таңдар, кеніштерде жаңғырған еңбек үні, егіс басында тер төккен қиандардың үр үміті қоса қиланып отырған тәрізді. 2025 жыл қазыналы Қарағанды өңірі үшін өткен мен бүгіннің арасын жалғаған, төзім мен тәжірибе таразыға түскен келелі де кенен кезең болды. Өнеркәсіптің темірқазығы – өңірге тірек. Ал, ауыл шаруашылығы мен құрылыс, сауда мен көлік салаларындағы қарашты қадамдар – ертенге деген кәміл сенімнің белгісі. Жылан жылғы экономика өлшеулі бір ғана бағытпен емес, әр саланың өз екпінімен қозғала алған. Бірінде – қарқын, бірінде – байып, енді бірінде – сақ қадам бары көзімізге көлденен келді. Бірақ, бәрінің тоғысқан жері бір: тұрақтылыққа ұдайы ұмтылыс!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЫЛ БӘСІРЕСІ

Білімдегі бетбұрыс

Биыл білім саласында жетістіктер мен оң өзгерістер көп. Аймақ ваучерлік қаржыландыруды енгізу бойынша республикалық жобаға қосылды. Қарағанды қаласында 122 мектепке дейінгі ұйым толығымен ваучерлік қаржыландыруға көшіп, 18 059 баланы қамтыды. 2026 жылдан бастап бұл жобаны бүкіл облыс деңгейінде тарату жоспарланған.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы жаңа оқу жылынан бес жаңа мектеп өз жұмысын бастады. Оның бірі – Талды ауылында апатты мектептің орнына салынған 200 орындық жаңа мектеп. «Келешек мектептері» жобасы аясында 5 мектеп пайдалануға берілді. Алдағы күндері Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы ауылында тағы бір 300 орындық мектеп есігін айқара ашады.

Биыл 33 білім беру нысанында күрделі жөндеу жүргізіліп, соның ішінде 29 мектеп реновация жобасы аясында жаңғыртылған. Сонымен қатар, 232 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары толық аяқталды. 78 жаңа үлгідегі пәнді кабинет сатып алынды.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы арқылы облыстың 10 мектебінде 2 млрд теңгеден астам қаржыға пәнді кабинеттер және роботтехника, психолог, дефектолог кабинеттері, тігін ісі шеберханалары, тамақтану мәдениеті кабинеттері, телестудия, STEM-зертхана, ART-студия, FabLab, кітапхана жабдықталды. Спорттық құрал-жабдықтар толық жаңартылды.

2025 жылы жоба Қарқаралы ауданындағы «Академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» жалғасуда. Сонымен қатар, қормен бірлесіп Теміртау қаласының спорттық базасы жаңартылды. Қаланың 30 жалпы білім беретін мектебінде жаңа спорт алаңдары жаңғыртылып, волейбол, баскетбол, футбол алаңда-

ры, жүгіру жолақтары, секіру шұңқырлары мен жаттығу құрылғылары орнатылды.

Облыс мектептерінде «Әлеуметтік емиян» деп аталатын тегін тамақтануға арналған цифрлық ваучер енгізілді. Ваучер мемлекеттік деректер базалары негізінде автоматты түрде рәсімделеді. Бұл ата-аналардан құжат жинау қажеттілігін жояды. Отбасы баланың тегін тамақтануға құқығы бар екені туралы хабарлама алады, ваучер «Gov mobile» қосымшасына іске қосылады. Бала асханада QR-код, карта, Face ID немесе өзге де ыңғайлы тәсіл арқылы сәйкестендіріледі. Осыдан кейін ата-ана хабарлама алып, қосымша арқылы тамақ сапасын бағалай алады. Жобаны іске асыру мақсатында контингенті 700 оқушыдан асатын 172 мектепте аппараттық-бағдарламалық кешендер (АПК) орнатылды. Ал, 205 шағын жинақты мектепте «Бизнес-емиян» мобильді қосымшасы қолданылып, ұйымдардың толымдылығына қарамастан, барлық білім беру мекемелерін қамтуға мүмкіндік беріп отыр.

Биыл өңірдегі мектеп оқушылары халықаралық аренада жоғары нәтижелер көрсетіп, 95 қатысушының 53-і жүлделі орынға ие болды. 11 алтын, 27 күміс және 15 қола медаль.

Биыл өңірдің 15 үздік педагог республикалық «Білім беру идеялары панорамасы» байқауының жүлдегері атанды. IT, роботтехника және этнодизайн саласындағы озық тәжірибелерін ұсынды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЫЛ ЖЕМІСІ

Әлеуметтің әлеуеті

2025 жыл өңірдегі әлеуметтік саланың жаңа көкжиегін ашатын тың бастамаларға толы жыл болды. Аймақта аталған салаға айрықша көңіл бөлініп, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау шараларына облыс бюджетінің жартысынан астамы бағытталды. Бұл аймақ тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Гүлжүр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл бес бірдей балабақша ашылып, алты мектеп бой көтерді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы арқылы ауылдық елдімекендерде медициналық нысандар салынып, ауыл халқы қолжетімді әрі сапалы ем қабылдауда.

Президент тапсырмасымен заңсыз немденген активтерді мемлекетке қайтару аясында құрылған Арнаулы мемлекеттік қордан Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласын дамытуға 7,5 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы халықты сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталды.

Арнайы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен Балқашта

балаларды оңалту орталығына арналған ғимарат жөнделді. Бұрынғы шипажай ғимаратын қайта жаңғырту арқылы жаңадан балаларды оңалту орталығы құрылып жатыр. Бұл игі іске 272,1 млн теңге бағытталды. Мұнда стационарлық және амбулаториялық қызметтер ұйымдастырылады.

Балқаштағы көпбейінді аурухананың базасында нағыз өңірлік медициналық хаб бой көтеріп келеді. Бұл іске 1,27 млрд теңге қаражат жұмсалды.

Қарағанды облысы үшін ең маңызды жобалардың бірі – Қарағанды қаласындағы №3 көпбейінді аурухананы заманауи жоғары технологиямен жабдықтау. Арнаулы мемлекеттік қор есебінен онкологиялық аурухананың операциялық-реанимациялық блогын ең соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 6,2 млрд теңге бөлінді. Облыстық бюджеттен 1,74 млрд теңге қосымша қаржыландыру көзделген. Қазіргі уақытта ғимараттың ішкі әрлеуі жүріп жатыр, ал, нысанның жалпы дайындық деңгейі 70%-ды құрайды.

Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханаға нейрхирургиялық Remebot RM-200 роботы сатып алынды. Облыстық ауруханада «Диабеттік аяқ» орталығы ашылды, жансақтау бөлімі эндоскопиялық жабдықпен



жұмыс істейтін болады.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында 6 Үздік тәжірибелер орталығы ашылды. Сондай-ақ, жедел жәрдем қызметінің автопаркі толық жаңартылып, 113 жаңа көлік сатып алынды.

Биыл 67 жас дәрігер ауылдық ауруханаларға жұмысқа орналасты. Өңіріміз ауылға жұмысқа барған жастарды көтерме ақы

төлеу арқылы қолдайды, оның мөлшері 8,5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Сонымен қатар, тұрғын үй мәселесі де назардан тыс қалған емес. 2023 жылдан бері медициналық қызметкерлерге 250 пәтер берілген. Мұның бәрі өңір медицинасының даму қарқын айқындайды.

Биыл Қарағанды облысында әлеуметтік қолдау шараларына 49,6 млрд теңге бағытталды. Ша-

мамен 42 мың адам жұмыспен қамту бағдарламасымен қамтылды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4 пайызға дейін төмендеді. 949 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алды. 1 359 балаға қосымша төлем берілді. 10 отбасының қолдау орталықтарында 6 мыңнан астам адам тегін заңгерлік, әлеуметтік және психологиялық көмекке жүгінді. Инклюзия және қолжетімділік бойынша 35

мың адам қайта оңалтудан өтті.

Инвазикасы қызметін 2 мыңнан астам адам пайдаланды. 1 241 нысан қолжетімді орта талаптарына бейімделіп, мүгедектер арбаларын тегін жөндеу сервисі ашылды. Жаңа әлеуметтік жоба іске қосылып, көпқабатты үйде тұратын арбамен қозғалатын адамдар үшін заманауи көтергіш құрылғыларын сатып алынды.

Сонымен қоса 249 адам шипажайдан ем алды. Бұл үшін 305 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Биыл өңірде қаржылай қиын жағдайға тап болған азаматтарды қолдау бағытында «Қайта бастау» пилоттық жобасы іске қосылды. Ол қарызға белшеден батып, оны төлей алмаған тұрғындарға көмек көрсетуге бағытталған. Мұндай отбасылармен нысаналы жұмыс жүргізіледі, яғни, қаржылық сауаттылықты арттыруға ден қойылып, жұмысқа орналастыруға жәрдем береді. Жоба аясында 1 424 адам қаржылық жағдайын реттеп, басым бөлігі жұмысқа орналастырылған.

Әлеуметтік саладағы мұндай бастамалар Қарағанды облысын нығайтып, халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал етуде. Бұл өз кезегінде аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЫЛ МӘЙЕГІ

Дiлдәнiң төркiнi

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Абайдың: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар. Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», – деген жолдарының астарында Дiлдә бейнесi тұрғандай көрiнедi. Бұл – тек ақынның сөзi емес, қыз шыққан әулеттiң тәрбиесi мен рухани негiзiнiң көрiнiсi. Дiлдә – Әуезовтiң «Абай жолындағы» ең сабырлы, ең мұнды бейнелердiң бiрi. Көркем шығарма кейiпкерiнен казак әйелiнiң тағдырын, үнсiз қайратын, төзiм мен парасатын көремiз. Жалпы, оқырман осы орайда белгiлi қаламгер Ермек Балташұлының «Дiлдәнiң шынайы болмысы қандай?» деген зерттеу мақаласын («Ақиқат» журналы, 01.08.2025 ж.) оқып шықса құба-құп. ***

Қарқаралы ауданының қиыр шығысындағы алақандай ғана Мәди ауылдық округі бір бүйірімен Баянауыл тауларымен, екінші бүйірімен Абай өңірімен шектесіп жатыр. Ең даладағы жатаған жота-қырдың арасынан Мәдидің әнімен әйгілі болған Үшқара тауы менмұндалап тұрады. Бала кезде ескіқұлақ үлкендерден естүімізше, 1860 жылы тобықты Құнанбай мен қаракесек Алшынбай төс қағысып құда болған, Алшөкеннің ұлы Түсіптің қызы Дiлдәнi ұзату тойы осы таудың етегiндегi жазықта өткен екен. Яки, ұлы Абайдың алғашқы қайын жұрты дәл осы жер, Айбике-Шаншар елi.

«Абай жолының» бiрiншi кiтабында Дiлдәға қатысты баяндалатын жайттардың кейбiрi осы маңда болғаны талас тудырмаса керек. Мысалы: «Бұлар келген күннiң ертеңiнде Ербол ғана барып, Дiлдәға амандасып, жүз көрiсiп қайтты. Қалыңдықтың түсiн, отырысын Ербол айтқысы көп едi. Ол өзi ажарына қатты ырза бол, сүйсiнiп келген». «Абайлар Дiлдәнiң бойын ғана көрдi. Ол кебiсiн шешiп жатқанда сырт сымбаты талдырмаш, бiрақ аса сұнғақ бойлы, биiк көрiндi». «Айырылысар кезде Абай мен Дiлдә бiр-бiрiне үйренiскен болатын, оқта-текте қалжыңдап та отырысады. Дiлдә Абайға сүйкiмдi, сұлу көрiндi...» деген сияқты үзiндiлерден Абайдың бiздiң елге ұрын келгенiн аңғару қиын емес. ***

Кезiнде мыңнан артық халық тұрған Мәди ауылында қазiр қырықтың үстiнде ғана түтiн бар.

«Үшқара басың биiк мұнар шалған,
Сымпып өте шықты мына жалған».

Мәди



Жоғары қатардың ортасында – Дiлдә Түспiкқызы

Ауылдың екi жағындағы Кiндiктi мен Қақаң (Қақабай) қорымдарының аумағы ауыл көлемiнен асып түскелi қашан. Аталған екi қорымнан бөлек ауыл сыртындағы бiрнеше төбенiң басында жеке тұрған ескi бейiттер бар. Денi жермен-жекесен болып, iзiм-ғайым жоғалуға айналған. Жергiлiктi халық Қаражыра деп атайтын қырда бертiнде қойылған көктасы мен шағын қоршауы бар бөлек қабiр Түсiп Алшынбайұлына тиесiлi. Әлеуметтiк желiде, баспасөзде жарияланған деректерде, неге екенi белгiсiз, Жүсiп Алшынбайұлы деп көрсетiлген. Үшқараға жақынырақ басқа төбеде Түсiптiң ұлы Сләмбек пен немересi Нұрлыбектiң де зираты бар. Сләмбек – Дiлдәнiң бiрге туған бауыры. Осы биыл күзге салым ғана Нұрлыбектiң қызынан тараған жиеншарлары келiп, талай жылдан берi өрген малдың жолында жатқан зиратқа қоршау орнатып кеттi.

Жiгiтке үш жұртының қай-қайсысы да қадiрлi, әрқайсысының өзiнше құрметi бөлек. Ұлы Абай үшiн дәл осы топырақ – алғаш рет ақ некелi жарымен танысқан, табысқан мекен. Сiзге қайын жұртыңыз қандай болса, Абайға осы Үшқараның бауыры сондай болғанына күмән жоқ. Таудан таяқ тастам жердегi Дарабай қыстағы-



ның маңында, қалың қараған мен шiлдiң арасында сол ұзату тойында қазылған ошақтардың орны бар деген әңгiменi де естiген едiм бұрынырақта. ***

Түсiп Алшынбайұлы – Дiлдәнiң әкесi, ұлы Абайдың қайын атасы, Айбике-Шаншар елiнiң болысы, Арғын шiндегi Қаракесек, Шаншар руының iгi жақсыларының бiрi, казактың үш ұлы биiнiң бiрi Қаздауысты Қазыбек-

тiң шөпшегi, әйгiлi Алшынбай Тiленшiұлының ұлы. Аузы дуалы Алшөкен – Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Тәттiмбет күйшi, Баймұрын, Шөже, Жанақ, Балта ақындармен бiр дәуiрде ғұмыр кешiп, Қарқаралы дуанының жиырма төрт болыс елiне билiк жүргiзген тұлға. Мәди Бәпиұлы да осы Алшөкеннiң туған немересi.

Ю.Поповтың жазбасында Алшынбай 1801 жылы туған дейбi. Бәйбiшеден туған үлкен ұлы

Жүсiп (Ю.Попов осылай жазған) 1822 жылғы екен. Тоқалдан туған ұлдары: Қақабай 1835, Бөпеу 1840, Қосық 1842, Бәпи 1846 жылғы деп жазылған. Шәпiдiң туған жылы көрсетiлмептi.

Алшөкен 1844-1846 жылдары Қарқаралы округтiк приказының (казактар дуан дейдi) заседателi, 1846-1857 жылдары Айбике-Шаншар болысының басқарушысы болған. 1857 жылдан болыстыққа Түсiп Алшынбайұлы кiрiскен.

Ал Қарағанды облыстық архивiндегi деректерде 1824 жылдан Шаншар болысы атанған әкiмшiлiк бөлiнiс 1828 жылы Айбике-Шаншар және Нұрбике-Шаншар болып екiге бөлiнедi. 1848 жылы Айбике-Шаншар Едiрей болысы, Нұрбике-Шаншар Қу болысы атанды дейдi. Ю.Попов Айбике-Шаншар 1868 жылы Едiрей болысы атанды деп жазды. Яғни, деректер әр түрлi.

Айтқандай, Шаншар абыздың Нұрбике бәйбiшесiнен туған Бертiстен Бектемір, одан Мөшеке, Битен, Шитен туалы. Мөшекенiң ұлы Қазанғаттан Тәттiмбет күйшi, Битеннiң ұлы Тұрпаннан Ұлжан, кәдiмгi Абайдың шешесi Ұлжан ана туған. Яки, шертпе күйдiң атасы Тәттiмбет Қазанғатұлы – Ұлжан анамыздың немере бауыры, Абайдың нағашысы. Осының бәрiн таратып жазған белгiлi ғалым Зарқын Тайшыбайдың «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты туралы» мақаласын «Абай.kz» порталынан оқуға болады.

Түсiп Алшынбайұлы – Абай әулетiмен тек құдандалық арқылы ғана емес, рухани жалғастық арқылы да бiге қайнасқан тұлға. Ол – Дiлдәнiң әкесi, Абайдың балалары Ақылбай мен Әбдiрахманның, Әкiмбай мен Мағауияның, Құлбадан мен Райханның нағашы атасы. Қазақ руханиятының алтын арқауына айналған әулеттiң арғы жағында тұрған, десе де көленке-де қалып қойған есiм.

Түсiптен Доскей, Қыдыр, Нәдiр, Сләмбек, Мүсiлiм деген ұлдар, Дiлдә, Дiлан, Күмiс есiмдi қыздар тарайды. Бүгiнде сол әулеттiң бiр бұтағы Сләмбек пен оның ұлы Нұрлыбектiң бейiттерi де әке зиратымен қатарлас «Үш жалғыз» төбесiнде жатыр...

Дiлдә Аралтөбедегi Әйгерiм басына тұрғызылған төрт құлақты зиратқа жерленген. Әкесi мен Сләмбек бауырының жатқан жерiн айттық. Басқа ұяластарының мәңгiлiк мекенi де осы маңда болар, оны ендiгiде ешкiм тап басып айта алмайды.



Абайдың бiр жұртынан ел құлағына жетер мәлiмет болсын деп жазып отырмыз. Осы жерде тағы бiраз адамдардың ескi зираттары бар. Ал дәл қасында ауылдың үлкен қоныс полигоны жатыр. Бұл боктық қай заманнан берi үйiлiп жатқанын құдайым бiлсiн. Заманында елдiң беткеұстары болған жандардың соңғы тұрағы осындай күйде жатқаны жаңға батады. Осы кiсiлердiң жатқан жерiн дұрыстап, маңайынан Үшқараға қарай жайылып бара жатқан қоң-қоқысты жоятын күдiрет бар ма екен дейсiң...

Қаздауысты Қазыбек би бабамыз бен оның әйгiлi ұрпақтары туралы тарихи-танымдық әңгiме қозғап, мәселе көтерiп жүрген ағайындар осы жайттан да хабардар болса деп ойладық. Уақыт озып, ұрпақ алмасқан сайын өткеннiң iзi көмескi тарта бередi. Сол себептi Дiлдәнiң әкесi Түсiп пен бауыры Сләмбек жатқан қорымдардың жай-күйi назардан тыс қалмауы тиiс. Бәлкiм, бұл мәселеге ел шiндегi азаматтар, өлкетанушылар мен зиялы қауым бiрлесе назар аударса, мәселе оң шешiмiн табар ма едi. Бұл – бiр әулеттiң ғана емес, тұтас ел тарихына деген құрметтiң белгiсi.

Өзге жұрттар Пушкин ұстаған қаламды, Шекспир кiрiп-шыққан ғимаратты, Наполеон басқан топырақты мәңгi әспеттеуге бейiл. Ал бiз ұлы Абайға тiкелей қатысты қалам емес, адам туралы айтып отырмыз. Осындай жағдайлар айтылмаса, жазылмаса, ұрпақтар арасындағы сабақтастық жiбiнiң үзiлуi де оңай. Ұлттың тарихы әулеттiң тарихынан құралады. Немересiне ата-тегiн түгендеп бере алмай отырған замандастарымыз бар. Соның бәрi немсқұрайдылықтың, енжарлықтың салдары. Өткенге құрметiмiздi жоғалтпайық. Абайдың өзi айтқандай:

Адамзат – бүгiн адам, ертең топырақ,
Бүгiнгi өмiр жарқылдап алдар, бiрақ,
Ертең өзiң қайдасың, бiлемiсiң,
Өлмек үшiн туғансың, ойла, шырақ!..

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

Абай һәм Қарағанды

2025 жыл Адамзаттың хакимі, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығымен айыштықталды. Мерейтой аясында ұлы ойшылдың мұралары ауқымды дәріптелді. Мәселен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ресми дерегіне сүйенсек, 180 жылдыққа орай өңірде ұйымдастырылған шаралардың жалпы саны 300-ге жуықтайды. Семей қаласында өткен Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысындағы Бас жүлдені жерлесіміз, айтыскер ақын Мақсат Ақанов жеңіп алуы – ең айтулы оқиғалардың бірі.

Ерік НАРЫН,
«Ortalıq Qazaqstan»

Ақпан айында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде студенттер арасында «Ғылымға көңіл» атты жоғары оқу орындарының студенттері арасында ғылыми конференция өтті.

Сәуір айында Кеншілер мәдениет сарайында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған Қарағанды және Павлодар облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнер

өкілдерінің қатысуымен «Талап, еңбек, терең ой» атты республикалық командалық айтыс та жұрт назарын Қарағандыға аудартты.

Тамызда Абай қаласында «Адамзаттың бәрін сүй...» атты республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Оған Қарағанды өңірінен Дидар Қами, Айтбай Жұмағұлов, Мұхтар Әділ жыр бәйгесіне қосылды.

Ал, Қарағанды қаласындағы «Сарыжайлау» кинотеатрында облыстық ақындар мүшәйрасы өтті. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» атауымен



өткен жыр бәйгесіне Балқаш, Саран, Теміртау қалаларынан және облыстың барлық аудандарынан келген ақындар қатысты.

Қарқаралы ауданының «Ақжол» халық театрының жаңа театралды қойылымының премьерасы, қалалық және облыстық оқырмандар байқаулары, Абай қаласындағы тұрғын үйдің қасбетінде тақырыптық мурал құру шаралары ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында XIX Абай оқулары аясында Ж. Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Адамзаттың Абайы» атты облыстық мәнерлеп оқу байқауын өткізді.

Қараша айында Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің шығармашылық ұжымдары халыққа Абай шығармашылығына арналған «Өн керуен» концертін паш етті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Өңірдің мәдени өмірі

Өңіріміздегі мәдениет саласында биыл айтулы оқиғалар, оң өзгерістер орын алды. Мәселен, халық саны жыл санап артып, дамып келе жатқан Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе және Доскей ауылдарында 200 орындық мәдениет үйі ашылды. 33 мәдени нысан жөнделді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalıq Qazaqstan»

Кез келген саланы дамыту үшін сол сала қызметкерлеріне, жанашыр майталмандарына жағдай жасалуы шарт. Өсіресе, баспана мәселесі қашан да өзекті. Қарағанды қаласының Мемлекеттік архивінің ғимараты, сондай-ақ, Қали Байжанов атындағы Концерттік бірлестік қызметкерлеріне арналған жатақхана қайта жаңғыртылды.

Биыл Қарағандыда ел назаратын аудартқан айтулы іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәттімбет атындағы IX республикалық конкурсы мен «Әуенді Сарыарқа» XXVI халықаралық музыкалық фестивалі республиканың түпкір-түпкірінен таланттардың басын қосты. «DosStar» XIV ашық оперетта және мюзикл фестивалі де жылдың айтулы оқиғаларының қатарында. Театр төңірегінде де ауыз толтырып айтар іс-шаралар дүркіреп өтті. Солардың бірі – «Кукляндия» VII қуыршақ театрлары фестивалі. Жалпы аймақ театрлары көрермен назарына 20 премьералық қойылым ұсынған.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайында резэкспозиция жұмыстары жалғасуда. Мұражай археологтары биыл 2,5 мың жыл бұрынғы ерте Сақ дәуіріне тиесілі бұзылмаған жерлеу орнын анықтады.

• ТАҒЗЫМ

Тағдыр коды

Абайдың 17-қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек таласқа түседі. Әқайсысы өзінше дұрыс. Ақыл жол көрсетсе, қайрат іске бастайды. Бірақ, екеуі де жүрексіз болса, адамды адастырады. Сондықтан, Абай сонғы сөзді жүрекке береді. Өйткені жүрек – мейірімнің, рақымның, ардың мекені. «Толық адам» бәрін білетін емес, бәрін түсінетін адам. Ол қателесуі мүмкін, бірақ, қателігін ақтамайды. Оның шаршауы мүмкін, бірақ, арын саудаға салмайды. Ол үнсіз де қала алады, бірақ, үнсіздігі әлсіздіктен емес, жауапкершіліктен. Көрінбесе де, көпке тірек бола білетін де, керегінде елдің енесін түсірмей, ұстап тұратындар да солар. Олар мінберде емес, майданда, сөзбен емес, іспен дәлелдеп, көптің көңілінен берік орнын табады. Уақыт өте келе, атак ұмытылғанымен, бейнеттің зейнеті өз әсерін бермей қоймақ емес. Себебі, ол – ардың еңбегі. Ардың жүгін аманат еткен дәл осындай адамның бірі әрі бірегейі – Танабай Ақшабақұлы.

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Аман қалу» стратегиясы

1925 жылы Ақшабақ ұлы дүниеге келгенде «қырандай қомданып өссін, елдің сөзін сөйлесін!» деп ырымдағаны бар. Есімін Танабай деп қойғаны да сол шығар. Байлықты емес, берекені, бірлікті көк-сеген әкенің арманының күндердің бір күнінде орындалатынын, орындалып қана қоймай, бүтін бір әулеттің маңдайына жазылған бағдарламадай ойып тұрып орын алатынын сол кезде ешкім білген жоқ. Ес біліп, әке сөзіне құлақ асатын жасқа келгеннен-ақ құлағына осы ойды құйып өсірген Ақшабақ әкенің сол кездегі тәрбиесін қазіргі ғылымда «нейролингвистикалық әсер ету» дейді. Желкілдеп өсіп келе жатқан жеткіншектің құлағына құя отырып, тәрбиелеу арқылы, болашағын бағдарлап, өмірлік жолын көрсетіп береді.

Анасы о дүниеге аттанып кете барғанда Танабай небары бес жаста ғана еді. Оның үстіне, 1929 жылы басталған күштеп ұжымдастыру салдарынан күнкөрістегі шағын малдан айырылып, ертеңгі күннің өзі бұлдыр сағымға айналып, енді қайтпек керек дегенде әкесі Ақшабақ шынашақтай Танабайды аман алып қалу үшін Қарағандыға аттанбаққа бел буғаны бар.

Бір түйір дән үшін ар мен намыс сынға түскен шақта ауылда қалу мүмкін еместігін сезген әке, анасының мәңгілікке жоқ екенін жете түйсінбесе де, бір зауалдың туғанын кішкентай жүрегімен түйсінген ұлын жетектеп, туған жері – Шет ауданындағы Бұғылы-Тағылыны тастап, Қарағандыға жаяу жөнеле берген. Жарынан айырылып, қанаты қайырылса да, қарны ашып, әкесіне жалтақтай қарай берген ұлының амандығы бөрінен маңызды. Себебі, «әке» деген атқа лайық болмаса, адам атын алып жүруінің өзі неге керек?! Қиындыққа мойыса, Танабайы не болмақ?! Ұрпағы-



ның жалғасы, қарашаңырағының иесі... Қалай да тірі қалу ойында. Өзін емес, ұрпағын ойлады. Өзегі талса да, үмітін үзген жоқ. Әйтеуір, алда бір көрер жарығының бар екеніне сенімді. Түнеу күні аштықтан әрі-бері жосығандардың біреуінен Қарағанды кентінде шахтаға түсіп, көмір қазған, жан бағуға болады дегенді естігені бар. Бұған дейін тірідей жеті қат жер астына түсуді ойы түгіл, түсінде де көрмесе де, тәуекелге бел буған. Көзінің қарашығы – Танабайын аман алып қалса, болғаны. Ойы сол ғана.

Соғыс басталғанда 16-да еді...

Танабай ақсақал бұл дүниеде жоқ қазір. Бұғанасы қатып, буыны бекімесе де, еңбекке ерте араласқан ол көп сөйлей бермейтін. Көрген қиындығы көп болса да, сөзге сараң ақсақал ашаршылық жылдарында көргенін де көп айта бермейді. Балаларының есінде қалғаны да емес-еміс. Аштықтан ісініп-кебініп өлгенді де, баласының етін жегенді де көрген. Бұл, бәлкім, бала кезде көргендерін жады санасынан ығыстырып, терең қабатқа тығып тастағанынан болар. Мүмкін, енді мұндай нәубетті ұрпағы енді көрмесін деп, сақтану да болар. Бірақ, қалай болғанда да, әкесі Ақшабақтан алған тәрбиені өсіп келе жатқан



ұл-қыздарының бойына сіңірді.

– 1934 жылы Қарағанды қала статусын алғанға дейін шахталардың жұмыс істеп тұрғанын білесіздер. Сол кезде атамыз Ақшабақ қайламен көмір қазған алғашқы кеншілердің қатарында болды, – дейді балалары.

Қарағанды 1930 жылдары одақтың маңызы бар көмір орталықтарының бірі болғанымен, ауылдан үдере көшкен қара халық үшін, шахта аман қалу жолы еді. Әкесі Ақшабақтан кейін, Танабай ақсақал да осы қатардан табылды. Соғыс басталғанда 16 жасқа енді толған. Ал, 1942 жылдың қаңтар айында Украинаның Ворошиловград қаласынан А.Пархоменко атындағы көмір машинасын жасау зауыты көшірілгенде, кәсіпорынмен бірге келген 95 жұмысшымен иық тіресе еңбек етіп, станокқа бойы жетпегендіктен, аяғының астына тас қойып, күн мен түнге қарамай еңбек етті.

Бірақ, жастайынан қиындықты көріп өссе де, жігері жасымаған бозбала бұны да місе тұтқан жоқ. Қан майданға аттанып, жауына тікелей сокқы беруді көздеп, жергілікті военкоматқа барып, алғы шешке сұранса да, комиссар жіберген жоқ. «Сенің майданның шахтада!» деген бір ауыз сөзге тоқтады. Кейінгі отыз алты жыл бойы осы жерден табан аударған жоқ. Зейнетке де осы жерден шықты. Абырой да, атак та болды. Бірақ, байлық жиган жоқ. «Байлығым – балаларым!» деп өткен ол тоғыз бала тәрбиеледі.

Балалары бертінде мемлекеттік мұрағаттан атасы мен әкесіне қатысты қағаздарды іздеген. Сол кезде атасы Ақшабақ та, әкесі Танабай да «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов» медалімен марапатталғанын білді. Кенжесі Қай-



рат: «Ол кезде баламыз, біле қоймаймыз. Бірақ, үйде медальдарды көріп, қызықтап қарағанымыз бар еді. Бірақ, кейіннен әрі-бері көшіп жүрген кезде, жоғалтып алдық», – дейді.

Танабай Ақшабақұлына 1970 жылдары «Почетный шахтер СССР» төсбелгісі берілді. Әлбетте, бұл атак сол кезде кез келгенге бұйыра бермегені анық. Оның үстіне, КСРО-ның батыс және шығыс аудандарындағы көмір өнеркәсібі министрлері мен КСРО-ның отын кәсіпорындары құрылысы министрiнiң бұйрығымен берiлетiнiн ескерсек, Қазақстанның, оның iшiнде, қарағандық кеншiнiң осындай жоғары атаққа лайық болуы үшiн қалай тер төккенiн өзiңiз де елестете берiңiз.

Әке тәлімі

– Әкеміз – түздің адамы еді, – деп есіне алады балалары. – Бірақ, біз оның тоғыз баласы әке қамқорлығын көріп өстік.

Шахтерлігімен қатар, қазіргі тілмен айтқанда, алқаби, сол кездегі халық заседателі болатын. Одан

бөлек, Октябрь ауданының екі шақырылымының депутаты болды. Десек те, тоғыз баласы бар Танабайдың жақсы өмір сүруге әбден мүмкіндігі бар еді. Бірақ, өзінің әрекетімен ұрпағының бойында адалдықты, адамды тәрбиелейтінін жете түсінген ол ардан аттаған емес. Балалары «Менің байлығым – балаларым!» деп үнемі айтып отыратын сөзімен не айтқысы келгенін балалары ержеткенде түсінді. Өз адалдығымен қатар, балаларына да соны үйретті. Жалған атакқа емес, арға қызмет етті. Елге қызметті тек жоғары лауазымда отырып қана емес, қарапайым кенші бола жүріп-ақ атқаруға болатынын түйсінді.

Тоғыз баланың тоғызы да әке көрсеткен жолдан бір сәтке де ай-

жанының арашашысы. Қыздары – Майраш, Марий, Айгүл мен Айман да бір-бір әулеттің ұйытқысы болған.

– Әкем менің заң саласында қызмет істегенімді қалады. Өзі сотта «халық заседателі» бола жүріп, талайдың тағдырына араша түскенін білеміз. Кейде осы қызметке араласуының да өзіндік себебі бар ма деген ойға қалатыным рас. Әкем маған кенжесі ретінде көп үміт артып, «сен де адам тағдырына арашашы болуың керек!» дегенді жиі айтатын, – дейді Қайрат Шәкеев. Ол өзі – хирург. Бір кездері Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығының ауруханасының хирургиясын басқарған. Бірақ, жоғарыда әкесінің құлағына күйіп өсірген, «Қарашаңырақтың иесі – өзің!» деген сөзі санасында жатталып қалған. Қарашаңырақты қаңыратпайын деп Қарағандыға қайтып келді. Қалай болғанда да, әке аманаты орындалды.

Сөз соңы

Әділетсіздікке қасқайып қарсы тұрған, қиындыққа мойымаған, «қызыл коммунист» бола тұра, ұлттына, жеріне, дініне адалдығын өмір бойы өзімен бірге алып жүрген, немере сүйіп, шөберенің қолынан су ішкен Танабай ақсақалдың арманы болды ма екен?! Бәлкім, жоқ та шығар. Адал еңбегімен Кеңестің өзін мойындатып, төсбелгісін де тақты. Аңызға айналған «Катюшаны» жасауға үлес қосқаны тағы бар! Әлбетте, армансыз адам жоқ. Балаларына айтқаны бар. «Бала күнімізде әкем көрші ақсақалдарды ертіп алып, үй-үйлі аралайтын. Не үшін аралап жүргенін түсінбесек те, бізге қызық көрінетін. Кейін түсіндік. «Құдай жоқ» деген ұстаным ресми идеология болғанына қарамастан, әр үйге кіріп, айттап, Құран оқиды екен».

Айта кету керек, Танабай ақсақалдың ұрпақтарының ұйытқы болуымен жақында Майкұдықта тағы бір мешіт бой көтермек. «Аппақ Байжанов» атындағы мешіт болады, – дейді ұлдары. Батыр болу үшін уақыттың, мезеттің еш қажеті жоқ. Батырлық күнтізбеде белгіленетін күн де емес, ол – жүректің бір сәттік шешімі. Осы ұстаныммен өмір сүрген Танабай ақсақал оны ұрпағының бойына сіңіріп кетті. Өзі болмаса да, оның өмір жолында еккен ізгілік дәні ұрпақтары арқылы өзгеге таралып, әлі күнге дейін жалғасып келеді. Дәл осындай адамдардың барында тіршіліктің жақсылық жібі үзілмек емес.

Суреттер кейіпкердің мұрағатынан

• ТІЛ – ТҰҒЫР

Қазақ тілі – қазақтың жаны

Қазіргі күні орыс тілінің емес, мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау әкелі мәселелердің біріне айналып отыр. Әлеуметтік желілерде бұл жөнінде алып-қашпа әңгімелер көп. ХХІ ғасырдың құндылықтар парадигмасында біз үшін қазақ тілі басты орын алуы қажет. Өйткені, тіліміз ұлттық мәдениет пен рухани-ятты үнемі, ұдайы жаңғыртып отырудың бірден-бір көзі.

Ал, бұл, біріншіден, қазақ тілін еліміздегі тілдік саясаттың басты бөлігі ретінде қарастыруға кепілдік береді. Екіншіден, егемен еліміздің тіл саясатында мемлекеттік тілге берілген басымдық мемлекеттің тұтастығын айқындайтын мемлекеттік ұлт саясатының маңызды бөлігі. Зиялылардың бұған немқұрайды қарай алмай, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде ой бөлісіп, пікір таластырып жататыны соның айғағы. Үшіншіден, әрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге, мәдени, рухани өрісімен де айқындалады. Мәдени өре, рухани талғам халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тікелей тәуелді. Мемлекеттік мекемелерде, сот жүйесінде, әкімшілікте, тіпті, білім беру саласында ана тіліміз әлі күнге екінші орынға ысырылады.

Тәуелсіз болғанмызға он бес жыл өткеннен кейін «Халықаралық қазақ тілі қоғамының» қызметі тұралап жатқан кезде, оған балама ретінде 2016 жылы қаламызда ғасыр адамы марқұм Темірғали Көкетап біз қазір қызмет етіп жүрген облыстық «Қазақ тілі

және мәдениеті қоғамын» құрған еді. Жақсылықтан емес, әрине. Кейінгі үш-төрт жылдың жүзінде бұл ұйым қаламыз ғана емес, өңір-өңірлердегі тіл мәселесіне, руханиятқа, тұрмыстық ахуалға қатысты көптеген іс-шараларға араласып, өз ұстанымын айғақтап келеді. Қоғам мүшелерінің қатары күнбе-күн толысу үстінде. Жүрек әмірімен тіл тағдырына алаңдайтын азаматтар кілен. Әлеуметтік желілерде парақшамызды ашып, уақыт қажеттілігіне сай сайтымызды іске қосып отырмыз. Оның тізгіні Гүлдана ханым Жәркееваның қолында. Осы уақытқа дейін бізге демеушілік көрсеткен тірі жан болған емес. Әкімдікке, аудан басшыларына қолдау сұрап хат жазсақта, ауызды құр шөппен сүрткізетін жауаптарын жолдаудан олар да талған емес.

«Қазақ тілі және мәдениеті қоғамының» мүшелері жергілікті атқарушы биліктің тіл басқармасының қызметшілеріне арналған тіл заңнамасын бұзушылыққа қатысты заңнамаға негізделген әдістемелік нұсқаулық дайындады. «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық»

деп аталады. Бірақ, қаншама уақыт өтсе де, сол әдістемелік нұсқаулығымыз құжат түрінде шығарылмай келеді. Көп нәрседен, әсіресе, қаражаттан қағажу көріп келе жатқанымыз рас. Мемлекеттік мекемелерде, көшелерде қазақ тілінің қолданысын қадағалауды қоғам белсенділері Сәкен Келдібаев, Аңғар Смағұлов ағаларымыз, басқа да тіл жанашылары өздерінің басты міндеттерінің бірі санайды. Қоғамдық бірлестіктің мүшелері түрлі іс-шаралардың басы-қасында мұрындық болып жүргендігін де баса айту керек. Қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуға арналған «Сөзжасам» жобасына қоғамдық бірлестіктің мүшелері Жаңабек Нар, Жаболат Баймұрынов, Бектұрсын Қалиев мырзалар да өз үлесін қосып, қоғамға пайдалы жұмыстар атқарып жүр.

Өсілінде, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілге мойын бұрмай-ақ келетінін айтуды өзімізге парыз санаймыз. Мәселен, Бас Прокурордың 2020 жылғы 10-шілдеде «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 85 бұйрығы шыққан. Онда «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» (ӘІБТ) деген тіркес кездеседі. Бұйрық мәтіні қазақша болса да, бұйрықтың электрондық тасымалдағышында, яғни, мобильді қосымшасының хаттама бөлігінде, яғни, «көйлегінде» ЕРАП

(«Единый реестр административных правонарушений») деп, орыс тілінде беріліпті. Біле білгенге бұл арға сын, намысқа сызат түсіретіндей хал. Осыған орай неге «ЕРАП», неге қазақша «ӘІБТ» емес деп, құзырлы органға Қоғам атынан шағым түсірдік. Сол шағым баян-белсенділері Сәкен Келдібаев, Аңғар Смағұлов ағаларымыз, басқа да тіл жанашылары өздерінің басты міндеттерінің бірі санайды. Қоғамдық бірлестіктің мүшелері түрлі іс-шаралардың басы-қасында мұрындық болып жүргендігін де баса айту керек. Қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуға арналған «Сөзжасам» жобасына қоғамдық бірлестіктің мүшелері Жаңабек Нар, Жаболат Баймұрынов, Бектұрсын Қалиев мырзалар да өз үлесін қосып, қоғамға пайдалы жұмыстар атқарып жүр.

Өсілінде, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілге мойын бұрмай-ақ келетінін айтуды өзімізге парыз санаймыз. Мәселен, Бас Прокурордың 2020 жылғы 10-шілдеде «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 85 бұйрығы шыққан. Онда «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» (ӘІБТ) деген тіркес кездеседі. Бұйрық мәтіні қазақша болса да, бұйрықтың электрондық тасымалдағышында, яғни, мобильді қосымшасының хаттама бөлігінде, яғни, «көйлегінде» ЕРАП

(«Единый реестр административных правонарушений») деп, орыс тілінде беріліпті. Біле білгенге бұл арға сын, намысқа сызат түсіретіндей хал. Осыған орай неге «ЕРАП», неге қазақша «ӘІБТ» емес деп, құзырлы органға Қоғам атынан шағым түсірдік. Сол шағым баян-белсенділері Сәкен Келдібаев, Аңғар Смағұлов ағаларымыз, басқа да тіл жанашылары өздерінің басты міндеттерінің бірі санайды. Қоғамдық бірлестіктің мүшелері түрлі іс-шаралардың басы-қасында мұрындық болып жүргендігін де баса айту керек. Қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуға арналған «Сөзжасам» жобасына қоғамдық бірлестіктің мүшелері Жаңабек Нар, Жаболат Баймұрынов, Бектұрсын Қалиев мырзалар да өз үлесін қосып, қоғамға пайдалы жұмыстар атқарып жүр.

Өсілінде, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілге мойын бұрмай-ақ келетінін айтуды өзімізге парыз санаймыз. Мәселен, Бас Прокурордың 2020 жылғы 10-шілдеде «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 85 бұйрығы шыққан. Онда «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» (ӘІБТ) деген тіркес кездеседі. Бұйрық мәтіні қазақша болса да, бұйрықтың электрондық тасымалдағышында, яғни, мобильді қосымшасының хаттама бөлігінде, яғни, «көйлегінде» ЕРАП

әсерін ұлт мұрасына айналдыра алды ма, гәп сонымен өлшенбек. Ондай жазушылар қазақ әдебиетінде некен-саяқ, солардың бірегейі Өмір ағамыз екенін айттық.

«Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» құру жолында ұлт мүддесін биік қойып, қазақ тіліне қырын қарайтын, сорақы аудармамен айналысатын мамандарды жауапкершілікке тартатын уақыт жетті. Ұлттық заңдарымыз орыс тілінің аудармасы сипатында ғана қалып отыр. Оны жазып та, айтып та жұрмыз. Тіл басқармасының Ресурстық тіл орталығымен бірлесіп, Бұқар жырау ауданында «Ұлттық диктант» өткізуге Гүлдана Жаркеева аталысып, қоғамдық бірлестіктің атынан Алғыс хаттар табыстап қайтты.

Қоғамымыздың белді мүшесі Темірғали Аршабеков осы жылы «Қарағанды қаласының годонимдері: ескі және жаңа атаулар» атты кітап шығарды. Бұл ретте кітапты шығаруға селбес болған тіл басқармасына көптен-көп рақметімізді айтамыз.

Келе жатқан жаңа жылда тіл заңнамасының сақталуына тың серпимен кіретініміз анық, осы қарқынды жоғалтқымыз жоқ.

Қазір тіл төңірегінде даулы істер көп. Анайы сөз айтпай, ар-ұжданымы қорлады деп сотқа жүгінетіндер баршылық. Осы «анайылықты» анықтайтын тәуелсіз лингвистикалық сараптама орталығы құрылған абзал екенді-

гін көп жылдан бері айтып-ақ келеміз. Тілдік сараптама орталығының бағыт-бағдары мен міндеті соттық-медицина орталығындай жұмыс істеп, сот үдерісінде тілдік қолдану бойынша ешкімге тәуелсіз сараптама жасауы керек. Әйтпесе, жекеленген сөздер ар-намысқа тиетін сөз бе, жоқ па дегенді анықтауды қажет ететін сот үдерістері көптеп өтуде. Бұл да болашақта тындырар бір қомақты ісіміз болмақ.

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның түйткілді мәселелері қоғаммен бірге талқылаумен, біте қайнасып жатса ғана шешіледі. Қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап ететін бақылау органдарының жұмысы күшейтілуі тиіс. Қоғамдық насихат бір сәтке де үзілмеуі керек. Егер әрбіріміз қазақша сөйлеп, балаларымызды қазақ мектебіне беріп, күнделікті өмірде ана тілімізді қолдансақ, қазақ тілі өз тұғырына көтерілері анық. Ұлттың ұяты – тілінде, намысы – дәстүрінде емес пе?!

Атаулы жазбамызды облыстық «Қазақ тілі және мәдениеті қоғамы» қоғамдық бірлестігінің жылдық есебі деп те қабылдауға әбден болады.

Елеужан СЕРИМОВ,
Қарағанды облыстық
«Қазақ тілі және мәдениеті қоғамы»
қоғамдық бірлестігінің
торағасы



• ЖЫЛ ФОКУСЫ

Бір аудан – бір жоба

Жол салынды, су тартылды, жарық жаңарды. Аудандарда биыл осындай көзге көрінетін, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысына тікелей әсер ететін ұтымды жобалар жүзеге асты. Әр аудан өз бағытын бағамдап, елеулі бастамалармен ерекшеленді. Жыл соңында облыстың жетекші жеті ауданында қолға алынған жетелі жобаларға шолу жасауды жөн көрдік.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы: тасжол ашылды

Арқаның алтын тәжі болған Қарқаралы үшін биылғы жылдың ең елеулі жаңалығы – көптен күткен «Қарағанды-Қарқаралы» күрежолының қайта жаңғыруы. Ұзақ жылдар бойы жұртың жанайқайына айналған жол мәселесінің шешілуі ауданның тынысын кеңейтіп қана қоймай, қалың қазақтың Қарқаралыға деген қызығушылығын арттырды. Жөндеу жұмыстары соңғы 2-3 жыл көлемінде жалғасып, ұзындығы 200 шақырымды құрайтын бағыттың 85 шақырымы биыл толық жөнделіп, ауданға қатынау айтарлықтай жеңілдеді.

Абай: өңдеу өнеркәсібінде озық

Абай ауданы биыл өңдеу өнеркәсібін дамытуға бет бұрған өңір ретінде алдыңғы шептен көрінді. Аудан аумағында заманауи ет өңдеу кәсіпорнының құрылысы басталды. Жылына 2100 тонна өнім өңдеуге есептелген бұл өндіріс орны жергілікті шаруалардың өнімін сол жерде өңдеуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімінен қосымша құн қалыптасып, нарыққа дайын өнім шығару жолға қойылмақ. Жоба іске қосылғанда аудан экономикасына серпін беріп, жаңа жұмыс орындары ашылады.

Ақтоғай: ауыл шаруашылығында алда

Ежелден руханияттың алтын бесігі саналған Ақтоғай ауданы өңірдің әлеуеті тек мәдениетпен шектелмейтінін биыл тағы бір мәрте көрсетті. Ауданның ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі артып, жоспарланған көрсеткіш 182 пайызға орындалды. Соның



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

нәтижесінде Кежек ауылында 1 000 бас ірі қара өсіруге және жылына 240 тонна ет өндіруге арналған өндірістік кешен іске қосылды.

Шет: жарық жүйесі жолға қойылды

Шұғылалы Шет ауданында биыл көптен бері шешілмей жүрген түйткілдің түйіні тарқатылды. Ұзақ жылдар бойы тозығы жеткен электр желілері жаңарып, аудан бойынша 23 трансформаторлық қосалқы станция жаңартылды. 1 150 метр электр желісі ауыстырылды. Нәтижесінде бірнеше елдімекенде жарық тұрақтылығы қамтамасыз етіліп, әлеуметтік нысандар мен шаруа қожалықтарының ары қарай да үздіксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік туды.

Осакаров: заманауи элеватор ел игілігіне

Осакаров ауданы ежелден егіншілікпен аты шыққан, аймақтың астықты алқаптарының бірі һәм бірегейі. Биыл сол белесті тағы бір мәрте жаңа дең-

гейге көтеретін ірі агроөнеркәсіптік жоба қолға алынды. Ауданда 28 мың тонна астық сақтауға арналған заманауи элеватордың құрылысы жүргізілуде. Бұл – диқандар үшін өнімді ұзақ мерзімге қауіпсіз сақтауға мүмкіндік береді. Жаңа нысан егін жинау науқанындағы шығынды азайтып, логистиканы оңтайландыруға жол ашады. Элеватордың іске қосылуы Осакаров ауданының аграрлық әлеуетін одан әрмен қуаттап, өңір экономикасына тың серпін бермек.

Нұра: жылына 9 мың тонна сүт

Нұра ауданы болса, ауыл шаруашылығын жаңғыртуға бағытталған айрықша жобамен дарланды. Өзен бойындағы нулы өлкеде 1100 басқа арналған заманауи сүт-тауар фермасы іске қосылып, өндірістік қуаты жаңа деңгейге көтерілді. Кәсіпорын жылына 9 мың тоннаға дейін сүт өндіруге қауқарлы. Ал, нақты жоба аясында 60-қа жуық тұрақты жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім өңірдің ғана

емес, іргелес қалалардың нарығына да жөнелтілуде. Бұл бастама Нұра ауданындағы ауыл экономикасын нығайтудың нақты әрі нәтижелі қадамына айналары хақ.

Бұқар жырау: бірегей жоба – тегін ауызсу

Бұқар жырау ауданы биыл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік жобаларымен ерекшеленді. Соның айшықты дәлелі – аудандағы 68 елдімекеннің түгелі дерлік толық ауызсумен қамтамасыз етілді. Ең қызығы, Алабас ауылында күн энергиясымен жұмыс істейтін заманауи су жүйесі іске қосылып, тұрғындар ауызсуды тегін пайдаланады. 80 метр тереңдіктен су тартатын ұңғыма мен блок-модульді станция тәулік бойы сапалы су беруге толықтай қауқарлы. Осы іспетті өзге де ауылдарға толығымен ауызсу жетіп, халық шаттыққа кенелді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Еске алу

Әкеміз **Танабай Ақшабақұлы ШӘКЕЕВ** 2025 жылы жүзге толушы еді. Танабай Ақшабақұлы, руы қырғыз, 1925 жылы Бұғылы тау өңірінде өмірге келген.



Әкеміз 16 жаста соғысқа оқпен зенит шығаратын Пархоменко атындағы зауытта жұмыс істеген. Станокқа бойы жетпей, аяқтың астына тас қойып, ер жеткен азаматтармен қатар Ұлы жеңіске жетуге тер төккен. Ал, 18 жасқа толғанда немістермен соғысуға әскер қатарына сұранған, бірақ комиссардың бұйрығы – «Сенің майданың – ШАХТА», себебі көмірдің маңыздылығы зор болған. Ал, бір шақырым тереңде қараңғыда комбайнмен көмір тауып, жер бетіне көтерген – бұны да соғыстағы ерлікпен теңестіруге болады. Бір мекемеде 30 жылдан астам жұмыс атқарған. Еңбегі бағаланған Танабай 1972 жылы «Кеңес Одағының Құрметті кеңесшісі» атағына ие болды және басқа министрлік грамоталарымен мадақталды.

Отбасымыз үлкен – бес ұл, төрт қыз. Қызын қияға, ұлын уяға қондырды. Баланың қызығын көріп, немере сүйген, шөберенің қолынан су ішкен, шынайы бақыт сол болған шығар.

Еске алушылар: **Шәкеевтер отбасы**

P.S. Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-қолаң және барша көзкөрген жандар! Әкеміз Танабай Ақшабақұлы Шәкеевтің 100 жылдық Құдай асына шақырамыз.

Мекенжайымыз: Қарағанды қаласы, Оңтүстік-Шығыс, Оңдасынов көшесі, 8/2. «Күнгей» мейрамханасы. 11 қаңтар 2026 жыл. Сағат 13.00

№529

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Мейірімге толы мейрам

Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Асыл ана – 2020» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Жаңа жылға арналған мерекелік кеш өтті. Игілікті іс-шараға мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, әлеуметтік осал топтағы балалар, сондай-ақ, көпбалалы отбасылардың бүлдіршіндері қатысты. Барлығы 200-ге жуық бала мерекелік бағдарламаға қамтылып, шаттыққа бөленді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Балаларға қуаныш сыйлап, жүректеріне жылулық ұялатқан ертеңгілік барысында ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен қойылымдар көрсетіліп, түрлі ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылды. Мерекенің ең қызықты сәттерінің бірі – балалардың Аяз атаға хат жазуы болды. Олар өз армандарын қағазға түсіріп, сол тілектеріне орай сыйлықтарға ие болды.

Жыл сайынғы дәстүрге айналған мерекелік іс-шара төртінші жыл қатарынан өткізіліп келеді. Биылғы ерекшелік – мерекелік бағдарлама екі күн қатарынан ұйымдастырылып, әр күні 200 баладан, жалпы 400 бала қамтылды.

– Біз қоғамдық қор болған-

дықтан, барлық іс-шаралар де-меушілердің қолдауымен жүзеге асады. Қорымызда бүгінде 11 кейіпкерлерінің қатысуымен қойылымдар қаласында екі кеңсеміз бар. Біз тек мерекелік шаралармен шектелмей, әлеуметтік, құқықтық және денсаулық саласы бойынша да жан-жақты көмек көрсетеміз. Соңғы уақытта мемлекет қолдауымен төрт көпбалалы отбасы баспаналы болды. Сонымен қатар, балабақшаға тіркеу, үйірмелер ұйымдастыру, аналарды оқыту, бизнес бастауға арналған гранттар мен жүргізуші куәлігін алу секілді бағыттарда да қолдау көрсетіліп, әр күні 200 баладан, жалпы 400 бала қамтылды.

• ЖЫЛ БАҒДАРЫ

Әр балаға өз ваучері

Облыста балалардың қосымша білім алуына арналған бірыңғай мемлекеттік тапсырыс аясындағы пилоттық жоба төртінші ай қатарынан табысты жүзеге асырылып келеді. Қысқа уақыт ішінде бұл бастама өңірдегі мыңдаған отбасы үшін нақты әлеуметтік қолдауға айналды. Бүгінде 20 мыңнан астам оқушы түрлі үйірмелер мен спорт секцияларына тегін қатысып жүр, ал, тағы 4,5 мыңнан астам ваучер бөлу кезеңінде тұр.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның басты ерекшелігі – «бір бала – бір ваучер» қағидатына негізделуі. Яғни, мемлекет әр бала үшін тек бір ғана үйірме немесе секциядағы сабақтың ақысын төлейді. Бұл, бір жағынан, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, қосымша білімге қолжетімді балалар санын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын бірнеше үйірмеге бір баланың қатар қатысуы жиі кездессе, жаңа жүйе мұндай қайталануды болдырмайды.

Қазіргі таңда бірыңғай тапсырыс жүйесінде 141 қызмет көрсетуші ұйым тіркелген. Олардың қатарында шығармашылық студиялар, спорт мектептері, мәдени-білім беру орталықтары бар. 2026 жылдың басынан бастап, жүйені одан әрі жетілдіру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, сабаққа қатысуды нақты есепке алу үшін Face ID технологиясын енгізу көзделген. Бұл жалған тіркеулерді, халық арасында айтылатын «елі жандарды» болдырмауға бағытталған.

Сонымен қатар, жаңа ұйымдардан өтінім қабылдайтын, ата-аналар мен қызмет көрсетушілерге ыңғайлы толыққанды цифрлық портал іске қосылады. Жаңа



жүйе арқылы құжат айналымы жеңілдеп, есеп беру мен табель толтыру автоматтандырылады.

Жобаға қатысушылардың бірі – жуырда «НаТворим» арт-мектебінде оқи бастаған жасөспірім Анна Оксентюк. Сурет салуға әуестігі бар Аннаның алғашқы жұмысы – жаңа жылдық ақ аю бейнесі. Ол үшін бұл тек сурет емес, жаңа хоббиге бастар алғашқы қадам.

Анна – облыс бойынша ваучердің арқасында шығармашылық студиялар мен спорт секцияларына тегін қатысып жүрген мыңдаған баланың бірі. Оның ата-анасы үшін де бұл – отбасылық бюджетке

салмақ салмай, баланың қабілетін дамытуға берілген мүмкіндік.

– Бағдарламаның басты құндылығы – ваучердің баланың өзіне бекітілуі. Егер сабақ уақыты немесе мазмұны сәйкес келмесе, ата-ана порталда қайта тіркелмей-ақ басқа үйірмені таңдай алады. Бұл жүйені бұрынғы бағдарламалармен салыстырғанда әлдеқайда икемді әрі ыңғайлы етеді, – дейді «Сарыарқа дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы басшысының орынбасары Айгүл Қалмағамбетова.

Ата-аналар да жаңа жүйенің тиімділігін атап өтуде. Светлана Күрседованың қызы сурет салумен төртінші жыл ай-

налысып келеді. Оның айтуынша, жаңа жүйеге көшу кезінде әкімшілік тарапынан алдын ала хабар беріліп, барлық сұрақтар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

– Бағдарлама ArtSport-қа қарағанда әлдеқайда қарапайым әрі түсінікті болды. Тек бір ваучер берілетіндіктен, біз шығармашылық бағытты таңдадық. Бала соған бейім. Спорт секцияларына мектеп арқылы қатысады. Сондықтан, таңдау жасау қиындық тудырмады, – дейді Светлана.

Бүгінде «НаТворим» арт-мектебі облыс аумағында алты филиал арқылы жұмыс істейді. Мұнда 700-ге жуық бала білім алуа. Оқушыларға кескіндеме, мүсіндеу, компьютерлік графика, анимация, мультипликация, сондай-ақ, домбыра ойнау бағыттары ұсынылады.

– Көркем-эстетикалық тәрбие – тек сурет салумен шектелмейді. Балалардың ойлау қабілеті дамиды, уәждік дағдылар қалыптасады, олар жан-жақты дамуға мүмкіндік алады. Біз гуманистік педагогика форматында жұмыс істейміз және адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән береміз, – дейді орталық басшысы Юлия Несипбаева.

Оның айтуынша, жаңа портал оқу процесін ғана емес, әкімшілік жұмыстарды да жеңілдеткен. Жүйе енгізілгеннен кейін орталықтағы тәрбиеленушілер саны біртіндеп көбейіп келеді.

Жобаға қатысатын барлық ұйым міндетті аккредитациядан өтеді. Педагогтердің біліктілігі, санитарлық-техникалық талаптарға сәйкестігі, ғимараттардың қауіпсіздігі мен жабдықталуы қатаң тексеріледі. Төлем тек нақты көрсетілген қызмет үшін, яғни, баланың сабаққа нақты қатысу көрсеткіші ескеріле отырып жүргізіледі.

Заңбұзушылық анықталған жағдайда, қызмет көрсетуші оларды жойғаннан кейін ғана қайта өтінім бере алады. Бақылауды білім, спорт, мәдениет салаларының мамандары мен қоғамдық бірлестік өкіл-

дерінен құралған мониторингтік топ жүзеге асырады. Тексерулер жылына төрт рет өткізіледі, жаңа ұйымдар жүйеге тек көшпелі мониторингтен кейін ғана қосылады.

Спорт саласындағы ірі қызмет көрсетушілердің бірі – облыстың барлық дерлік аудандарында жұмыс істейтін «Спорт және мәдениет лигасы корпорациясы» қоғамдық бірлестігі.

– Біз 5 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды қабылдаймыз және спорттың 16-ға жуық түрін ұсынамыз: жүзу, гимнастика, футбол, фutsal, волейбол, баскетбол, үстел және үлкен теннис, таэквондо және басқа да бағыттар, – дейді бірлестік басшысы Парвиз Мамедов. – Қазір шамамен 5 мың баланы қабылдауға дайынбыз.

Оның айтуынша, негізгі қиындық ваучер беру кезеңінде туындайды. Кейде ата-аналар тіркелу немесе келісімшартқа қол қою мерзімдерін өткізіп алады. Мұндай жағдайларды жедел шешу үшін ұйым ата-аналармен тұрақты байланыста жұмыс істейді.

Ваучерлерді бөлу oqu.edu.kz мемлекеттік цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Артықшылық ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, сондай-ақ, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға беріледі.

Ваучерді екі күн ішінде пайдалану қажет, әйтпесе, өтінім 28 күнге архивке жіберіледі. Егер осы мерзімде де пайдаланылмаса, өтінім порталдан алынып тасталады.

Бүгінде пилоттық жоба өзінің тиімділігін дәлелдеп отыр. Ең бастысы – бұл бастама баланың қабілетін ашуға, ал ата-ананың алаңсыз тандау жасауына мүмкіндік берді. Алдағы жылдары жүйе толыққанды іске қосылғанда, қосымша білім беру саласындағы сапа мен ашықтықтың жаңа деңгейі қалыптасары сөзсіз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖІГЕР. ЖЕҢІС. ЖҮЛДЕ

Жарыс жолындағы жарқын сәт

«Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген тағылымды тәмсілді ту еткен күйі тағы бір жылды тарих қойнауына табыстағалы отырмыз. Уақыт өз арнасымен сырғып, кеше ғана басталғандай көрінген жыл да мәресіне жетті. Осы сәтте өткенге ой көзімен үйіліп, атқарылған істі екшеу ертеңге деген сенімді нығайта түсетіні анық. Бұл тұрғыдан алғанда, өтіп бара жатқан жыл Қарағанды өңірі үшін, әсіресе, спорт саласында, олжалы да салымды, мерейлі де мағыналы кезең болды.

Жыл шежіресіне көз жүгіртсек, аймақ спортшылары халықаралық, республикалық және өзге де байрақты бәсекелерден 15 540 медаль иеленіп, туған өлкенің абыройын асқақтатты. Сонымен қатар, өткен жыл бұқаралық және кәсіби спортты дамыту жолындағы жүйелі жұмыстарымен де есте қалды. Инфрақұрылымды жаңғырту, халыққа қолжетімді спорттық орта қалыптастыру мақсатында жыл ішінде 95 жаңа спорт нысаны ел игілігіне берілген.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихта таңбаланған жыл

Жыл қорытындысындағы әңгімені ел намысын халықаралық аренада абыроймен қорғап жүрген жерлесіміз, Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің төрағасы Геннадий Головкиннен бастаған орынды. Өйткені, биылғы жыл қазақ боксы үшін жеңіс көрсеткіштерімен ғана емес, маңызы бөлек тарихи белестерімен де ерекшеленді. Әлемге әйгілі былғары қолғап шебері Гена World Boxing федерациясының президенті болып сайланып, жандық ұйымды басқарған тұңғыш қазақстандық атанды. Сонымен қатар, жерлесіміз Халықаралық бокс Даңқ залына қабылданып, атаған залға енген алғашқы қазақстандық ретінде ел спорты тарихында есімін мәңгілікке қалдырды.

Өңірлік спорттағы елеулі өзгерістер футбол саласында да көрініс тапты. Қарағанды футболшының қарашанырағы «Шахтер» клубы биыл даму жолындағы жаңа кезеңге аяқ басты. Клуб толық жекешелендірілді. Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігі мен Майкұдықты жалғайтын аумақта 9,6 гектар жер көлемінде «Шахтер» академиясының құрылысы жүргізілуде. Жоба аясында үш корпустан тұратын әкімшілік ғимарат, жыл бойы жаттығуға арналған жабық манеж және 3 500 көрерменге лайықталған заманауи стадион салынууда.

Алдағы жылдарға арналған жоспарлар да ауқымды. 2026 жылы Қарағанды қаласында толық өлшемді жаттығу алаңы мен манеж бой көтермек. Бұл бастамалар өңір орталығымен ғана шектелмейді. 2027 жылы Теміртау қаласындағы «Металлург» стадионы қайта жаңартылып, футбол алаңы мен манеж бой көтереді деп жоспарлануда. 2029 жылы Абай мен Приозерск қаласында манеж салына, Шахан кенті мен Шахтинск қаласында жаттығу алаңдарын салуды көздеп отыр.

Арқа спортының жарқын есімдері

Жыл бойы спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданындағы Ғабиден Мұстафин атындағы кентінде, Ақтоғай ауданының Сарышаған ауылында және Приозерск қаласында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне берілді. Сонымен қатар, облыс аумағында халықаралық және республика-



Екі дүркін Сурдлимпиада чемпионы Е.Қанафин
Премьер-Министр О.Бектеновпен



Әлем чемпионы А.Жүсіпов

лық деңгейдегі 100-ге жуық спорттық жарыс ұйымдастырылып, Қарағанды өңірінің спорттық әлеуеті жоғары екенін тағы бір мәрте айқын дәлелдеді. Одан бөлек, Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен жерлестеріміз 28 медаль еншілеп, толайым табысқа жетті.

Жеке спортшылардың жетістіктері де өңір спортының мерейін үстем етті. Боксшы Аида Әбікеева биыл екі дүркін әлем чемпионы атанды. Ал, Абылайхан Жүсіпов ерлер арасындағы өзінің үшінші әлем чемпионатында сегіз жыл күткен алтынның алды. Биатлоншы Владислав Киреев Азия ойындарында топ жарса, батуғ гимнастикасынан Данил Мұсабаев пен Никита Тумаков жұбы әлем кубогы кезеңдерінің қорытындысы бойынша рейтингте көш бастады. Ал, үстел теннисінен Алан Құрманғалиев бірқатар халықаралық турнирде топ жарып, ел абыройын асқақтатты. Одан бөлек, өңір спортшылары Қазақстанның VI Жастар спорт ойындарында да сәтті өнер көрсетті. Жалпыкомандалық есепте 56 алтын, 42 күміс және 61 қола медаль жеңіп, үздік төрттіктің қатарынан көрінді.

Тоғызқұмалақтан да жерлестеріміз өз биігінде. Әділхан Төлегенов жастар арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдеге қол жеткізіп, әлем кубогында күміс медаль еншіледі. Ал, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Балғын Қожанәсіп алтыннан алқа тақты.

Қазақ күресінен де ұпайымыз түгел. Жерлесіміз Еркнат Молдағұлов Азия чемпионатының жеңімпазы атанса, Олжас Исаханов әлем кубогында қола

жүлдеге ие болды. Ал, дәстүрлі садақ атудан Айша Баймырза жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанып, ұлттық спорттың халықаралық аренадағы беделін арттыра түсті.

Тең мүмкіндік пен биік белес

Өңірде мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен жүйелі түрде айналысуына жан-жақты жағдай жасау күн тәртібіндегі басым бағыттардың біріне айналды. Инклюзивті спорты дамытуға арналған бұл саясат қағаз жүзіндегі жоспармен шектелмей, нақты іс пен айқын нәтижелер арқылы жүзеге асып келеді. Бүгінде Қарағанды облысында «Спорт – баршаға ортақ» деген қағида іс жүзінде өміршең екенін дәлелдеп отыр.

Қазіргі таңда аутизм спектріндегі, психикалық дамуы тежелген және церебральды сал ауруына шалдыққан 200 бала облыстың бес аймағында жүзу спортымен айналысады. Сонымен қатар, Қарағанды мен Теміртау қалаларында тағы 40 бала жеңіл атлетика секцияларына тартылып, спорт арқылы өз мүмкіндіктерін шыңдап келеді.

Инклюзивті спорт Балқаш қаласында да жүйелі түрде дамуда. Мұнда есту, көру және тірек-қимыл аппараты зақымдалған 91 адам жүзумен айналысады. Жалпы айтқанда, атқарылған жұмыстардың нәтижесі халықаралық аренада да айқын аңғарылды. Пара жүзуден өткен әлемдік серия кезеңінде өңір спортшылары Азияның екі рекордын және Қазақстанның төрт рекордын



Жылдың «Үздік боксшысы»
А.Әбікеева



Батуғшы Д.Мұсабаев

жаңартып, ел мерейін үстем етті. Ал, жеңіл атлетикадан Руфат Хабибуллин әлем чемпионатында қола жүлдеге қол жеткізіп, мүмкіндігі шектеулі спортшылардың әлеуеті жоғары екенін бүкіл әлемге дәлелдеді.

Өңір спортының табысты қадамдары сурдспорт саласында да айқын көрініс тапты. Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындары Қарағанды облысы спортшылары үшін олжалы додаға айналды. Облыс спортшылары жалпы саны бес медаль жеңіп алып, ел қоржынына қомақты үлес қосты. Дзюдодан сынға түскен Еркебұлан Қанафин екі бірдей алтын медаль еншілеген болатын. Тэквондо шеберлері де Токиодағы татамиде лайықты өнер көрсетті. Аян Абдраш, Айжамол Абдикатова және Аида Макатова қола медаль еншілеп, ел намысын абыроймен қорғады. Осы бір нәтижелерден-ақ мүмкіндігі шектеулі спортшыларға көрсетіліп отырған қолдаудың нақты жемісін аңғаруға болады.

Түйін

Өтіп бара жатқан жыл өңір спорты үшін айқын бағдарын айқындап берген, мазмұны мен мағынасы қатар берілген кезең болды. Ал, ең бастысы, спорттағы табыс өлшемі тек медаль саны емес, қалыптасқан мектеп, нығайған дәстүр және жаңа есімдерге жол ашқан жүйе екенін уақыт тағы бір мәрте дәлелдендей. Осы берік негіздің үстінде өңір спорты алдағы жылдары да биік белестерді бағындыруға толық әлеуетке ие.

Суреттер ҰОК

• МАРАПАТ

Ардагерлер ардақталды



Өңір спортының қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан спорт ардагерлері аз емес. Кезінде әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғап, бар күш-жігерін спорт жолына арнаған жандардың еңбегі арада талай уақыт өтсе де ел жадында. Жыл қорытындысы аясында сала ардагерлерінің басы қосылып, дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген елеулі еңбектері үшін марапатталды. Салтанатты марапаттау рәсіміне облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев қатысып, бірқатар спорт ардагеріне «Құрметті спорт ардагері» төсбелгісін табыстады.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Қазақстан спорт ардагерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы құрылған болатын. Бүгінде спорт ардагерлерінің еңбегін кеңінен насихаттап қана қоймай, олардың өмірлік тәжірибесін өскелең ұрпаққа үлгі, әрі жастарға бағыт-бағдар беру бағытында игі жұмыстар атқарып келеді. Қысқа уақыт ішінде ұйымның мүшелері күн санап артып, өңірде бірқатар бастамалар қолға алынған. Өз сөзінде Серік Жұманғалиұлы филиал қызметінің маңыздылығына айрықша тоқталып, спорт саласының дамуына сүбелі үлес қосқан ардагерлерге ыстық ықыласын білдірді.

– Кейінгі жастардың сіздерден үйренері көп. Жастарға сіздердің ақылдарыңыз керек. Біз Сіздерді құрметтейміз, әрі еңбектеріңізді бағалаймыз, – деді басқарма басшысы.

Марапат алғандардың қатарында дене шынықтыру және спорт басқармасында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек еткен Майра Исаева да бар. Ол – басқарма бағынысындағы жоғары жетістіктер және спорт резерві бөлімін 13 жыл бойы басқарып, ел спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан білікті маман. Майра Владимировнаның тікелей басшылығы кезеңінде қарағандылық үш спортшымыз Олимпиада ойындарынан жүлде алған. Атап айтсақ, Геннадий Головкин күміс медаль иеленсе, Дмитрий Карпов қола жүлдеге қол жеткізген. Бертінде Серік Сәпиев Олимпиада чемпионы атанған.

– Еңбегіміздің еленгеніне қуаныштымын. Үш бірдей Олимпиада ойындарының жүлдегерін даярлау – ұжымдық еңбектің жемісі. Осы

жолда бірге қызмет атқарған әріптестеріме шынайы алғысымды айтамын. Ал, бұл төсбелгіні аламын деген ой мүлдем болмаған. Тіпті, күтпедім де. Ардагерлер кеңесінің құрылуын өте орынды әрі маңызды шешім деп есептеймін. Себебі, өңірлер арасында Қарағанды облысы алдыңғы қатарда келеді. Жастардың әлеуеті, спортшыларды даярлау жүйесі, білікті бапкерлердің болуы – өңір спортының мықтылығын көрсетеді. Ал, осы жетістіктердің бастауында спорт ардагерлері тұрғаны сөзсіз. Сондықтан, тәжірибесі мол ардагерлердің жастарға берері әлі де көп – деді Майра Исаева.

Молдабек Шеримов спорт саласында 40 жылдан астам табанды еңбек еткен білікті маман. Ол Н.Әбдіров атындағы спорт кешенін 19 жыл бойы басқарып, өңір спортының дамуына елеулі үлес қосқан. Бүгінде екі жылдан бері зейнет демалысында. Жалпы, ардагер кәсіби футболшы ретінде танылған жан.

– Қазіргі жастарға Серік Сәпиев – нағыз үлгі. Осындай чемпиондарымызды сол кездегі осы ардагерлеріміз тәрбиелеген. Ардагерлеріміздің тәжірибесі мол, олар әлі де талай чемпионның шығуына өз үлесін қоса алады. Алайда, жастар тарапынан тыңғылықты дайындық қажет. Жаттығуларды қалдырмай, бапкер жүктеген тапсырмаларды мұлтіксіз орындаулары қажет. Сонда ғана чемпион болады. Алынбайтын қамал жоқ, еңбек еткен адам жеңіске жетеді, – деді Молдабек Күзентайұлы.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Оқырман назарына!

Газетіміздің келесі саны 6 қаңтар, сейсенбі күні шығады



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 526

№145 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Мажан ҚҰДАЙБЕРГЕН**

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru